



ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕР, ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

2



ҒАЗА аумағы: ТӨРТ КҮНДІК ТЫНЫШТЫҚ

Уақытша келісім
бейбіт өмірге жол
аша ала ма?

3



Жаңа тарихи кезең: ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

5

ҚАРБАЛАС ТІРЛІК, ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Бостандық пен Наурызбай аудандарын аралап, тұрғындармен кездесті

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Бостандық ауданындағы Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының операциялық блогы бар қабылдау бөлімі жаңа корпусының құрылыс алаңына барды.

Қала әкімі құрылыс-монтаж жұмыстарының қарқынына назар аударды. 2021 жылдың тамызында басталған жоба мердігер ұйымның белгіленген жұмысты уақытында орындамауы себебінен әлі күнге дейін аяқталмады. Сол үшін компанияға қатысты сотқа талап арыз берілді. Мәселен, сот шешімімен биыл шілде айында «Ақ орда корпорациясы» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылды, мемлекет бюджетіне 12,3 млн теңгеден астам сомда тұрақсыздық айыбы өндірілді.

Ерболат Досаев құрылыс-монтаж жұмыстарын желтоқсан айына дейін аяқтауды тапсырды. Бұдан әрі қазіргі уақытта сатып алынған және қоймаларда орналасқан жабдық орнатылады.

Бүгінгі таңда орталық жылына 110



мыңнан астам балаға амбулаториялық-диагностикалық тексеру бойынша қызмет көрсетеді. Қабылдау бөліміне тәулігіне 350-ден астам пациент жүгінеді. Клиниканың қабылдау бөлімінің шағын әрі ескі жоспармен жасалғаны, оның үстіне жүктеменің өсуі пациенттердің ағынын реттеудің триаж-жүйесін енгізуге мүмкіндік бермейді. Өз кезегінде, опера-

циялық болғы бар қабылдау бөлімінің жаңа үш қабатты корпусы мұнда келген балаларды қабылдау мен бөлудің жеделдігін, сондай-ақ шұғыл медициналық көмек көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл материалдың толық нұсқасы келесі санымызда жарияланады.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №141 (6434) 25 қараша, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Шынайы стратегиялық серіктестік:

ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС

қазақ-әзербайжан қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтерген тарихи оқиға

Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі қонақжайлығы мен БҰҰ-ның Орталық Азия елдері экономикаларына арналған арнайы бағдарламасының (СПЕКА) алғашқы саммитін ұйымдастырғаны үшін Ильхам Әлиевке алғыс айтты. Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы өзара қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.



Мемлекет басшысы Бакуге жұмыс сапары барысында Әзербайжан Президентімен кездесті

— Жаңа жобалар қолға алынып жатыр. Біздің аразамызда ешқандай түйткілді мәселе жоқ. Біз — шынайы стратегиялық серіктеспіз, тіпті, Каспий теңізінің екі жағын мекен еткен көршілерміз. Стратегиялық қатынастарды нығайту және одақтастық ынтымақтастықты тереңде-

ту жөніндегі бірлескен декларацияның қабылдануы, сондай-ақ Жоғары мемлекетаралық кеңестің құрылуы қазақ-әзербайжан қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтерген тарихи оқиға болды. Мен өзіммен бірге Бакуге толыққанды делегация алып келдім. Өйткені, бүгінгі

кездесуде, Әзербайжан тарапымен шын мәнінде, толық форматты, мазмұнды келіссөздер жүргіземіз деп санаймын. Бұл — өзара қарым-қатынасқа қатысты бірқатар мәселе бойынша пікір алмасу үшін жақсы мүмкіндік, — деді Мемлекет басшысы.

2

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

25.11.2023

Түнде:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

26.11.2023

Түнде:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕР, ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары
ұйым қызметінің бағыттары мен жаһандық мәселелер жөнінде пікір алмасты

Бұған дейін хабарлағанымыздай, Беларусь астанасы Минскіде ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының қатысуымен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шағын және кеңейтілген құрамда сессиялары өтті. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Кыргыз Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, сондай-ақ ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті аспектілерін талқылады. Сонымен қатар, ұйым қызметінің басты бағыттары бойынша биыл атқарылған жұмыстардың қорытындысы жасалып, алдағы кезеңнің жоспары айқындалды, жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер талқыға түсті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
НОРМАЛАРЫН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шағын құрамда өткен сессиясында Қасым-Жомарт Тоқаев бей-жай қарау мүмкін емес. Қазақстан Газа тұрғындарына бір миллион доллар көлемінде гуманитарлық көмек көрсетті. Қаржы БҰҰ құрылымы – UNRWA/БАПОР ұйымы арқылы жіберілді. Қақтығыс кезінде бұл ұйымның қызметкерлері өте көп шығынға ұшырағанына қарамастан, жұмысын ерлікпен жалғастырып жатыр. Таяу Шығыстағы қақтығыс, шын мәнінде, жаһандық ауқымдағы ақпараттық-идеологиялық текіретістік әбден шырқытырып жіберді. Газа секторы төңірегінде болып жатқан оқиғалар әлемдік қоғамдастықты екіге жарды. Соғыс өрті барлық ел мен континентті шарпымай тұрғанда тоқтағаны жөн, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның уақытша бітім жасау туралы соңғы келісімді құптағанын мәлімдеді. Біз әуел бастан қақтығысушы тараптардың гуманитарлық үзіліс жариялауы керек екенін айттық. Олар осы уақытты қалыптасқан жағдайды реттеудің ұзақмерзімді шараларын әзірлеуге пайдалану үшін бар күш-жігерін жұмсауы қажет. Бұған қоса, БҰҰ аясында палестиналықтарға «Екі халық үшін екі мемлекет» формуласына сай толыққанды мемлекет құру құқығын берген жөн. Осындай қиын жағдайда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарын мүлтіксіз орындап, халықаралық құқық нормаларын сақтау маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Ауғанстандағы күрделі ахуалға назар аударып, халықаралық қоғамдастықты ауған халқына көмек беру ісін жалғастыруға шақырды.

КОНСТРУКТИВТІ МҮДДЕ:
ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ аясындағы серіктестердің әдеттегі қауіп-қатер деңгейінің ұлғаюына, соның ішінде есірткі, қару-жарақ айналымының, трансшекаралық қылмыс пен заңсыз миграцияның өсуіне қатысты алаңдаушылығына түсіністікпен қарайтынын мәлімдеді. Қазақстан Ұйымға мүше мемлекеттермен бірге осы сын-қатерлерге алдағы уақытта да төтеп беруге әзір.

Біз ҰҚШҰ қызметінің әдіс-тәсілі мен стратегиясын жолға қоя отырып, заманауи қауіп-қатер мен сын-тегеуріндерді міндетті түрде ескеруге тиіспіз. Сонымен қатар, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне қатер төніп келе жатқанын, егер ондай қауіп болса да, оны үнемі айта берудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Түптеп келгенде, қауіп-қатер әрдайым болған. Халықаралық қоғамдастықтың болмысы осындай. Бұл тақырыпты қайта-қайта көтеру, бізді әлдекімен қорқатындай көрініс қалыптастырады. Мұндай мәлімдемелер мүлде қате түсінікке алып келуі мүмкін, тіпті қазірдің өзінде солай болып көрінеді. Қатысушы мемлекеттердің абырой-беделін және олардың әскери-саяси әлеуеті мен қуатын ескере отырып, Ұйымның риторикасы қатал, әйтсе де белгілі бір деңгейде қисынды болуға тиіс. ҰҚШҰ беделді әскери-саяси ұйым ретінде өзінің жетістіктерін паш етті. Бірақ алдымызда ұйымға мүше мемлекеттердің конструктивті мүддесіне сай келуге тиіс жаңа міндеттер тұр, – деді Қазақстан Президенті.

БАСЫМ БАҒЫТТАР,
МАҢЫЗДЫ БАҒДАРЛАР

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кеңейтілген құрамда өткен сессиясында Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҰҚШҰ-ға төрағалық ету міндеті

Қазақстан Республикасына өтетінін мәлімдеді. Президент Қазақстан Ұйымды қарқынды әрі теңгерімді дамытуға, барлық мүше мемлекеттің ұлттық мүдделерін ескере отырып, ұжымдық қауіпсіздікті нығайтуға ниетті екенін мәлімдеді. Осыған орай Мемлекет басшысы Қазақстан төрағалығы кезінде Ұйым қызметі бойынша ерекше назар аударуды қажет ететін бірқатар басым бағытты ұсынды.

Бірінші басымдық – ҰҚШҰ-ның қауіпсіздік саласында мүдделі елдермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату.

Біріккен Ұлттар Ұйымымен және оның құрылымдарымен арада қалыптасқан ықпалдастық деңгейін сақтауға баса мән беруді ұсынамыз. Бұл жұмыс 2010 жылдың 18 наурызында ҰҚШҰ мен БҰҰ хатшылықтары арасында қол қойылған Ұнтымақтастық туралы бірлескен декларация негізінде жүргізіледі. ТМД мен ШЫҰ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуді құптаймыз. «ҰҚШҰ-ның ТМД-мен және ШЫҰ-мен ынтымақтастығын нығайту жөніндегі практикалық шаралар» атты құжатта оның нақты қадамдары айқындалған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әскери ынтымақтастық мәселелері бойынша қарым-қатынас Ұйым қызметінің екінші маңызды бағыты ретінде ұсынылды.

Қазақстан Президентінің пікірінше, ҰҚШҰ Ұжымдық күштерін жедел әрекет ету мәселелеріне қатысты нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет.

Бұл контингенттің кедергісіз әрі еш жерге аялдамай қозғалуына, әскери авиацияның ұшуына және тағы да басқа аспектілерге қатысты. Сонымен қатар, әскери кадрларды даярлау жүйесін және ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің әскери-ғылыми қуатын дамытуды жалғастырып жөн. Ұйымның бітімгершілік әлеуетін арттыруға айрықша мән беру ұсынылады. Бұл ретте ҰҚШҰ Бас хатшысының бітімгершілік мәселелері жөніндегі арнайы өкілінің қызметі зор рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл бағытындағы ынтымақтастықты дамыту ісі – тағы бір басымдық ретінде аталды.

Мемлекет басшысының айтуынша, ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің терроризмге қарсы қызметіне жіті назар аударылады.

– Ланкестік топтарға қосылууды жоспарлап жүрген азаматтарымыздың елден тысқары шығып кетуіне жол бермеу үшін бірлескен жұмысты жалғастырып жөн. Терроризмге және экстремизмге қатысты бар адамдарды іздеу, ұстау және экстрадициялау тетіктерін іске қосу маңызды. ҰҚШҰ Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының комитеті жанындағы терроризм мен экстремизмге қарсы күрес мәселелерімен айналысатын сарапшылардың Жұмыс тобын жандандыруды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ МАҢЫЗДЫ
РӨЛ АТҚАРАДЫ

Президенттің айтуынша, Ұйым есірткі және психотропты заттардың заңсыз айналымына да қарсы күрес жүргізуге тиіс.

ҰҚШҰ-ға мүше елдердің кеңістігін осы қауіпті заттың енуінен қорғау үшін бірлескен іс-шаралардың тиімділігін арттыру қажет. Жұмыс ретін барлық өзекті факторды, соның ішінде синтетикалық есірткінің таралу аясы кеңейе түскенін ескере отырып ұйымдастыру керек. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізетін құзыретті органдар жетекшілерінен құралған Үйлестіру кеңесі сияқты механизм маңызды рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қару-жарактың заңсыз айналымымен және трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресуді, төтенше жағдайлардың алдын алу және оның салдарын жою мәселелері бойынша ынтымақтастықты нығайтуды, ақпараттық технология саласындағы қылмыстарға қарсы іс-қимылды ортақ жұмыстың маңызды бағыттары деп санайды.

Қазіргі жағдайда қауіп-қатердің сипаты мен кибер қылмыскерлер қолданатын қару түрлері де тез өзгеріп жатыр. Мұны біздің негізгі құралымыз – ҰҚШҰ-ның ақпараттық технология саласындағы қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі «ПРОКСИ» операциясын іске асыру кезінде ескеру керек деп санаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

ТҮЙІН:

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның төрағалық ету кезеңінде жүзеге асыру үшін айқындалған басымдықтар жуық арада ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттерге жолданатынын айтты. Мемлекет басшысы Ұйымға мүше елдердің бірлескен күш-жігерінің арқасында ұжымдық қауіпсіздік жүйесін нығайту және оны одан әрі дамыту үшін кешенді жұмыстар жалғаса беретініне сенім білдірді. Сессия қорытындысы бойынша бірқатар құжаттар қабылданды.

СПЕКА САММИТИ

Шынайы стратегиялық серіктестік:

ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС

қазақ-әзербайжан қарым-қатынасын жаңа деңгейге
көтерген тарихи оқиға

(Басы 1-бетте)

Қазақстан Президенті Бакуді «Каспий өңірінің інжу-маржаны», әлемдегі ең әдемі қалалардың бірі деп атады. Орайлы сәтті пайдаланып, Ильхам Әлиев пен бауырлас Әзербайжан халқын халықаралық құқық және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына сай елдің аумақтық тұтастығын сақтауға қол жеткізгенімен құттықтады. «Бұл Сіздің мемлекеттіліктің нығайтуға, халқыңыздың әл-ауқатын көтеріп, Бакудің әлемдік қоғамдастықтағы

беделін арттыруға бағытталған мықты көшбасшылығыңыздың, көреген әрі дана саясатыңыздың арқасында іске асты. Менің ойымша, бұл, шын мәнінде, тарихи оқиға», – деді Мемлекет басшысы.

Әзербайжан Президенті СЕКА саммитіне қатысуға келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Біз – достас, бауырлас әрі серіктес елдерміз. Соңғы жылдары ресми сапарлар аясында, екі ел үкіметтері мүшелері мен компаниялары шеңберінде өзара байланыс-

тардың қарқынды түрде дамып келе жатқаны анық байқалады. Біз екі мемлекет арасындағы өзара ықпалдастықтың ең жоғары деңгейіне жетіп отырмыз. Бұл – тәуелсіз ел ретінде даму тарихымыздағы айтулы оқиға және халықтарымыз арасындағы байланыстардың рухы мен сипатына сай келеді. Мұның солай болатын жөні бар, – деген Әзербайжан Президенті мәртебелі мейманы Қасым-Жомарт Тоқаевты келесі жылы Әзербайжанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

Мемлекеттер басшылары Каспий теңізінің табанымен талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту, Әзербайжан аумағы арқылы Қазақстан мұнайын тасымалдау көлемін ұлғайту, Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамыту, сондай-ақ энергетика мен жанар-тылатын энергия көздері салаларындағы перспективті жобаларды

жүзеге асыру сияқты маңызды бағыттарда бірлескен жұмыстарды жандандыру мүмкіндіктерін талқылады. Бауырлас халықтар арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайтуға баса мән берілді. Жуық арада Қазақстанда Әзербайжанның, ал Әзербайжанда Қазақстанның мәдениет күндері ұйымдастырылады.

РЕДАКЦИЯДАН:

Кеше кешкісін, газетіміздің осы саны жарыққа шығып жатқанда Мемлекет басшысы БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы бағдарламасына (СПЕКА) қатысушы мемлекеттер басшыларының бірінші саммитінде сөз сөйледі. СПЕКА-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының кешегі тарихи әрі тұңғыш саммиті жайлы топтамамен басылманың сайтынан және «Алматы ақшамының» 28 қараша күнгі санынан танысасыздар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).



САРАПТАМА

САЯСИ РИТОРИКА ӨЗГЕРЕ МЕ?

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясынан кейінгі ой

Сонымен, 23 қарашада Беларусь астанасы Минскіде Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына (ҰҚШҰ) мүше мемлекет басшылары бас қосты. Халықаралық ұйымның бас органы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі мүшелері жаһандық, аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша пікір алмасты. Мемлекет басшылары өздерін толғандырған мәселелер бойынша пікір білдіріп, ұстанымын айқындады, кейбір ұйымға мүше мемлекетке ренішін де білдірді.

Сырттан жау іздемеу керек...

Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазір әлемде күрделі геосаяси жағдай екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ақпараттық-идеологиялық қақтығыс пен Ауғанстандағы гуманитарлық, экономикалық дағдарысқа баса назар аударды.

Биыл 7 қазанда Израиль мен Палестина арасында соғыс оты тұтанғаны бәрімізге белгілі. Осы орайда Қазақстан соңғы қабылданған уақытта бітім жасау туралы келісімді қолдайтынын мәлімдеді. Президент Газа аймағында бейбіт халықтың қазасына еліміздің бей-жай қарамайтынын мәлімдеді. Қазақстан тек сөзімен ғана емес ісімен де қолдау көрсетуде. Газа тұрғындарына бір миллион доллар көлемінде гуманитарлық көмек көрсетілді.

Израиль мен Палестина арасындағы қақтығыс тек Таяу Шығыс аймағына ғана емес, бүкіл әлемдегі дінаралық қарым-қатынасқа кері әсер етуде. Бұл тұрғыдан қарайтын болсақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың бекер алаңдамайтынына көзіміз жетеді. Себебі, қақтығыс дер кезінде реттелмесе, бүкіләлемдік сипат алуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан «Екі ха-



(Сурет: akorda.kz)

лық үшін екі ел» формуласын қолдайтынын мәлімдеді. Яғни Палестина біртұтас, дербес ел болып қалуы тиіс.

Ауғанстан мәселесін де Мемлекет басшысы көтерді. Бәріміздің көкейімізде неге Ауғанстан мәселесін көтере береміз деген сұрақ бар шығар. «Екі туып, бір қалған ел емесқой», – дейтіндері де бар. Дегенмен, Ауғанстанның өсіп-өркендеуі Орталық Азия аймағына ғана емес Еуразия құрлығының қауіпсіздігіне әсер етеді. Себебі, тұрақсыз Ауғанстан діни радикализм, есірткі сияқты қасіреттерді тарататын елге айналады. Оның үстіне Орталық Азия елдері Ауғанстан арқылы әлемді аймаққа назар аударту саясатын ұстанады. Себебі, әлемнің алпауыттары аймағымызды сыртқы саясатының негізгі бағыты ретінде қарастырмайды. Ал Ауғанстан бұл бағытта таптырмас ел.

Бірақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзіндегі ең маңызды мәлімдеме бұлар емес. Президент ұйымның саяси риторикасын өзгертуді ұсынды. Ұйым деңгейінде сыртқы қауіп-қауіптер туралы жиі айтылып, тіпті сол қауіпке

ұйымды қарама-қарсы қою риторикасы жиі айтылып еді. Әсіресе, Батыс әлеміне қарсы қою күшейген-тұғын. Соған орай Мемлекет басшысы келесі жылға ұйымның жұмысының басым бағыттарын белгіледі.

Сессияның кеңейтілген отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев өзге халықаралық ұйымдармен байланысты одан әрі нығайтуды ұсынды. Әсіресе, БҰҰ, ТМД және ШЫҰ ұйымдарымен терең әрекет етуді көздеді.

Сонымен қатар, ұйым ішіндегі әскери ынтымақтастық, халықаралық терроризм мен экстремизмге, есірткі мен психотропты заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес мәселелері жұмыстың басым бағыттары болмақ.

Сессия Армениясыз өтті

Минскідегі Тәуелсіздік сарайында Беларусь елі сессияны жоғары деңгейде ұйымдастырды.

Сессия екі форматта өтті: шағын және кеңейтілген құрамда. Ең алдымен, кеңеске мүше мемлекет басшылары шағын құрамда

кездесті. Халықаралық, аймақтық және ұйым ішіндегі мәселелер аясында пікір алмасты. Әр мемлекет басшысы сөзінде ұжымдық мүддені ғана емес, ұлттық мүдде тұрғысынан мәлімдеме жасады.

Бір қызығы, кезекті сессия отырысына Армения тарапы келмеді. Мұның себебі де түсінікті. Біз газетіміздің алдыңғы санында оның шет жағасын жазып едік. Армения мен Әзербайжан арасында Таулы Қарабақ мәселесі қайта тұтанғаны бәрімізге белгілі. Армения одақтастарынан қолдау таппағасын саяси риторикасын «реніш» білдіруге алмастырған еді. Кезекті сессияға келмеуі дипломатиялық реніш білдіргенін көрсетеді. Арменияның саяси риторикасына жауап бергендер де болды.

Ұйымның қатары сиреуі мүмкін бе?

Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко шағын құрамдағы кездесуде Армения туралы пікір білдірді. Ол ұйымдағы мүше мемлекеттер ұлттық мүдде тұрғысынан әрекет ететінін дұрыс деп ойлайды екен. Алайда, оның пікірінше ұжымдық мүддені де ескерген дұрыс екенін қадап айтты.

Осы орайда Лукашенко Армения тарапының мәселені осында келіп шешудің орнына, ақпараттық наразылығын білдіруін ашық сынға алды. Оның ойынша мәселені ақпараттық құралдар арқылы емес, осындай кездесулерде бетбе-бет сөйлесіп шешу қажет. Сондай-ақ, ол Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан арасындағы кикілжіңнің дұрыс шешімін табатынына сенім білдірді. Александр Лукашенко үшін ұйымның оңтүстік шекарасындағы қауіпсіздік мәселесі маңызды болып отыр.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

ГАЗА аумағы:

ТӨРТ КҮНДІК ТЫНЫШТЫҚ

Уақытша келісім бейбіт өмірге жол аша ала ма?

Жұманың таңынан бастап Газа секторы оқ боранынан бір сәт тыныштық алды. Бұл 48 күндік соғыстан кейінгі алғашқы үзіліс. Дәл кеше, 24 қарашада, жергілікті уақытпен таңғы 7-ден тартып Израиль мен ХАМАС 4 күндік оқ атыспау келісімін бастады.

Миллиондаған халық өмір сүріп жатқан Палестинаның тілдей анклавы үшін бұл үзілістің мәні бөлек. Өрине, түбегейлі бейбітшілік емес. Сөйтсе де, бомбаның гүрсілінен, оқтың ысқырығынан, снарядтардың суылынан бірер күн тыныштық алу ондағы қарапайым азаматтар үшін сәриден де қымбат. Бұл, тіпті, жүз мыңдаған адамның өмірінің сақталып қалуына мүмкіндік беруі мүмкін. Өйткені, қақтығыс дамылмай қалған күндері Газаға гуманитарлық көмек жеткізу де келісім ішінде қарастырылған.

Атысты уақытша тоқтату келісімі

Толассыз атысып жатқан Израиль мен ХАМАС ұйымы 4 күн оқ атыспауға уағдаласты. Бұл келісімге келуіне Қатар араағайынды етті. Келісім аясында тараптар бір-бірімен тұтқын алмасуға да мақұлдасқан. Айталық, ХАМАС барымталап кеткен жүздеген тұтқындар арасынан израильдік 13 адамды келісім басталған алғашқы күні босатуы керек. Олардың бәрі дерлік әйелдер мен балалар. Ал олармен Израиль түрмелеріндегі 150-ге жуық палестиналық айырбасталатыны айтылған.

Соғыс тұтқындарын, барымталанғандарды айырбастау жұма күні сағат 16.00-де басталатыны келісімде көрсетілген. Атысты уақытша тоқтату келісімі аясында босатылатын израильдіктер саны туралы мәліметтер әр жерде әртүрлі көрсетіліп жатыр. Осыдан бұрын Дохада мәлімдеме жасаған Қатар Сыртқы істер министрлігінің баспасөз хатшысы Маджед әл-Ансари 4 күн ішінде 50 израильдік босатылуы мүмкін екенін айтқан.



Гуманитарлық көмек Газа шекарасына оқ атыспау келісімі басталғаннан кейін бірнеше сағат өткенде кіре бастаған. Азық-түлік пен медициналық көмек пакеті тиелген алғашқы көліктер Мысыр шекарасынан кірген. Бұл көліктердің біріне «Бірлікте адамзат үшін!», ал енді біріне «Палестиналық бауырларымыз үшін!» деген баннерлер ілінген.

Мысыр ресмилері бұған дейін келісім басталған кезден тартып Газаға күн сайын 130 мың литр дизель отыны, төрт көлік газ жеткізілетінін, сондай-ақ, күн сайын 200 жүк көлігімен гуманитарлық көмек жеткізіліп тұратынын мәлімдеген болатын.

Тыныштық келісімі қалай өтіп жатыр?

Уақытша оқ атыспау келісімінің алғашқы күні салыстырмалы тыныш болған. Бейсенбіден жұмаға қараған түнде Газада күндегідей атыс үні толастамаған. Бірақ таңға жақын қақтығыс дүмпуі саябырлаған. Ал кеше Израиль мен Газа жерінен хабар таратқан ірі ақпарат құралдарының тілшілері жұманың таны тыныштықпен басталғанын жазды. «Рейтер» агенттігі Газа мен Израиль шекарасынан берген мәліметінде

солтүстік шекара маңының тыныш болғанын хабарлады. Израиль әуе күштері де күнделікті шабуыл мәліметтерін бермеген. Әрі күнде аспанға ақ жолақ іздерін қалдырып жатқан зымыран белгілері де жоқ екенін айтты.

Ливальық Al-Mayadeen арнасы да осыған ұқсас мәлімет жариялапты. Газа қаласының өзінде де күнделікті естіліп жататын жарылыс дауыстарының толастағаны айтылады. Дегенмен, Израиль қарулы күштері Газаның солтүстігіндегі тұрғындардың өз баспаналарына қайтып оралуына тосқауыл қойып жатқанын хабарлады.

Соның өзінде қақтығыс ошағы мүлде тым-тырыс емес. Кей жерде жекелеген оқ дауысы әлі де естіліп жатқанын «әл-Жазира» хабарлаған болатын. Ал Израильдің Газаға жақын бірнеше елдімекенінде түске қарай зымыран шабуылынан сақтану туралы дабыл дауысы естілген. Бірақ адам шығыны туралы мәліметтер болған жоқ.

Тұрақты тыныштықтан үміт аз

48 күн бойы толастамаған қақтығыста мыңдаған адам көз жұмып, жүз мыңдаған адам баспанасынан айырылды. Емханалардан бастап көптеген инфрақұрылым қирады. Газа аумағы күресіне айналды десе де артық емес. Осыншама сұрапыл соғыстан кейін уақытша болса да тыныштыққа қол жеткізу соғысып жатқан қос тарапқа ғана емес, аймақ үшін де, тіпті әлем үшін де өзінше маңызды оқиға. Кемінде уақытша болса да тыныштыққа қол жеткізуге болатынын түсіндірді.

Дегенмен, сарапшылардың пікірін жинақтасақ тұрақты тыныштықтың ауылы алыс дегенге саяды. Шын мәнінде, уақытша оқ атыспау келісімін Израиль мен ХАМАС-қа мақұлдатудың өзі ауқымды халықаралық құлшыныстар арқылы зорға дегенде жүзеге асты. Халықаралық қауымдастық, өзге де сларалық ұйымдар, бірнеше араағайын елдердің көмегімен 4 күндік үзіліс жарияланды. Оның өзі Газада еш жазықсыз құрбан болып жатқан адамдардың, өз өлімін күтіп отырған бейкүнә балалар мен әйелдердің тағдырын көлденең тарта отырып, гуманитарлық көмек жеткізуге мүмкіндік алуға жасалған қадам.

Ал 4 күн өткеннен кейін қақтығыс баяғы қарқынына қайта келсе, ешкім таңқала қоймайды. Себебі, ХАМАС территориясын қайтарғысы, ал Израиль өзіне қарсы ХАМАС-ты жер бетінен түгел аластағысы келеді. Әрі еврей мемлекетінің премьер-министрі Беньямин Нетаньяхудың осыған дейін «Хамастың үстінен толық жеңіске жетпей соғысты тоқтатпаймыз» дегені тағы бар. Газаға назар аударған барлық елдің сарапшылары да соғыстың ұзаққа жалғасатынын айтуда. Осының бәрі тұрақты тыныштықтан үміттің аз екенін көрсетсе керек...

Естай БОЖАН,
сарапшы.





РЕЙД

«САҚАЛДЫ»
ҚҰРЫЛЫСАлматыда нысандарды тексеру
басталды

Қарашада құрылысы ұзаққа созылған нысандарды жоспардан тыс тексеру басталғанын Қала құрылысын бақылау басқармасы хабарлады. Тексеріс тұрғындардың өтініші бойынша жүргізіледі.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматылықтарды адам өміріне қауіпті құрылыстар маза-лайды. Көбіне аяқсыз қалған құрылыс нысандары балалардың ойын алаңына айналған.

Тексеріс нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жоюға ұйғарым берілетіні және қажет болған жағдайда сотқа талап-арыздар жіберілетіні хабарланады. Бұл ретте азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін нысандардың жай-күйі жайлы сараптама қорытындысы болса, сағызша созылған құрылысты бұзуға болады.

Құрылыс нормасына сәйкес, нысанды салу жұмыстары тоқтатылғанда немесе 6 айдан астам мерзімге созылған кезде нысан консервациялануы қажет. Яғни құрылыс үшін пайдаланылған нысан мен аумақ негізгі құрылымдардың беріктігін, тұрақтылығын және сақталуын қамтамасыз ететін күйге келтірілуі керек. Нысан тұрғындар үшін қауіпсіз болуы керек. Консервациялау кезінде құрылыс салушы немесе уәкілеттік берген ұйым бұл жұмысты қамтамасыз етеді. Бұл ретте алаңның қоршауында мін болмауы керек. Алаңға өтетін жолдар мен өтпелер жабық болуға тиіс.

Қалада құрылысы ұзаққа созылған нысандардың толық тізімі туралы ақпаратпен almaty-akshamy.kz сайтынан таныса аласыздар.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, «Рух жаңғырығы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Интернетке тәуелділік және құмар ойындарының алдын алу» жобасы бойынша «Лудоманияға қарсы күрестегі өзекті мәселелер» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті.

Жиынға Алматы қаласы мәслихатының депутаты Еркін Рақышев, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Философия кафедрасының аға оқытушысы Әбдірашит Бәкірұлы, мәдениеттанушы Бердалы Оспан мен психолог мамандар қатысып, жастар арасында белең алған құмар ойынның салдары мен онлайн казинолармен күрес жолы айтылып, атқарылған іс-шаралар талқыланды.

«Қазақстан бойынша 350 мыңнан астам адам осы дертке шалдыққан. Балалар мен жастар ғана емес, үлкендер де құмар ойынға беріліп, өзін қоғамнан жоғалтып алып жатады. Бұл жобаның аясында біршама жұмыс атқарылды. Жастармен жүзбе-жүз кездесіп, іс-шаралар жиі ұйымдастырылуы керек», – деді «Рух жаңғырығы» қоғамдық қорының мүшесі Мұхамеджан Тоқтағұлұлы.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ЛУДОМАНИЯ

одан арылудың жолы қайсы?



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрсұлтан БЕКҚАЙЫРОВ, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы Жастар бастамаларын қолдау бөлімі жетекшісінің міндетін атқарушы:

Түсіндірме жұмыстары жиі жүргізіледі

Жастар саясатының бастамасымен интернет тәуелділік пен лудоманияға байланысты бірнеше іс-шара өтті. 100-ге жуық заңсыз сайт анықталып, полицияға хабарланды. Осы жұмыспен айналысатын арнайы мамандар күдікті сайттардың заңсыз екенін анықтап, олардың лицензиясы бар-жоғын тексеру үшін полиция департаментіне жібердік. Қаладағы 20 университет пен 20 колледжде, базарда жұмыс істейтін жастарға лудоманияның зияны туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Осы мақсатта түрлі жобалар қолға алынады деген сенімдемін.

КӨГАЛДАНДЫРУ

ҚАЛА КӨРКІ – ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Биыл 16 мың кесілген ағаш орнына 170 мың көшет отырғызылады

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жасыл желектерді инвентаризациялау нәтижелері бойынша Алматыда 84 мыңнан астам апатты ағаш бар. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігі осындай ағаштарды кесу бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде. Алматының экология және қоршаған орта басқармасының қызметкерлері бір ағаш кесілген жерге ондаған жас көшет отырғызады.

Мамандардың айтуынша, бірінші кезекте апатты және ескі ағаштар кесіледі. Соның арқасында ағаштар мен бұтақтардың құлауы едәуір төмендеді. Мәселен, өткен жылы 200-ден астам құлау фактісі тіркелген болса, 2023 жылдың басынан бері – 54 факт, оның ішінде 34 ағаш, қалғаны – бұтақтар.

Алматы әкімдігінің 2022 жылғы жұмыс жоспары бойынша магистральды жолдар бойында, саябақ аймақтарында және аула ішіндегі аумақтарда 5 мың апатты ағаш кесілді, оның орнына 50 мың жас көшет отырғызылды.

Ағымдағы жылы Экология және қоршаған орта басқармасы биыл жоспарланған 16 мың ағаштың орнына 13 мыңнан астам ағашты кесіп тастады. Кесілген ағаштардың орнына 170 мыңға жуық көшет отырғызу жоспарлануда.

Атап өтерлігі, апатты ағаштарды кесу жұмыстарын бастамас бұрын, Ж.Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдікті қорғау және карантин ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкерлерін және экобелсенділерді тарта отырып, апатты ағаштар мұқият тексеріледі.

Апатты ағаштар азайып келеді

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы 23 қараша күні Қалдаяқов, 47 мен Бөгенбай батыр көшелерінің бұрышында құлаған ағашқа қатысты түсініктеме берді.

Басқарма қызметкерлері ағаш құлаған жерге барып, тексеру барысында құлаған емен ағашының қанағаттанарлық жағдайда әрі сыртқы зақымға ұшырамағаны, сау екендігін анықтаған. Бұл «Алматы қаласының жасыл желектер реестрі» арқылы да

расталған. Алдын ала мәліметтер бойынша, нөсер жаңбыр ағаштың тамырындағы топырақты шайып кеткен, соның салдарынан ағаштың бағанына едәуір салмақ түскен. Бүгінде мердігер ұйым қозғалыс бөлігіне құлаған ағаштан жолды тазартып қойды.

Жыл ортасында басқарма 8 ауданмен шарт жасады, осыған орай ортақ аумақтарда апатты ағаштарды кесу кестеге сай жүрді.

Бүгінде 13,1 мыңнан астам апатты ағаш кесілді, сондай-ақ ортақ жерлерге 145 мың көшет отырғызылды.

Экологиялық қоғамдастық сұрақтарына жауап беру үшін ағаштарды кесу бұрын ғылыми қызметкерлерді тарта отырып (Ж.Жиенбаев атындағы өсімдіктерді қорғау және карантин ҚазҒЗИ), эко-белсенділердің апатты ағаштарды мұқият тексеруі қамтамасыз етіледі.

«ЖАЙЛЫ ОРТА»

ЖҮРГІНШІЛЕР
ДӘН РИЗАМегаполисте ШААЖ
бойына тротуар жасалды

Ұзындығы 190 метр болатын тротуар Алматы қаласының Медеу ауданындағы ШААЖ бойымен жанармай құю станциясынан аялдамаға дейін жасалды.

Бұрын тротуар болмаған, жаяу жүргіншілер көлігі күні-түні ағылып жатқан жол бойымен жүретін.

«Мен бұл жолмен күнде жүремін, осында жұмыс істеймін. Бұрын жолдың шетімен жүретінбіз, көліктің астына түсіп қаламыз ба деп қорқатынбыз. Жаңбырлы күндері жол тайғақ болатын. Бәрімізге жайсыз еді. Қазір жақсы болды, ыңғайлы, қолайлы әрі қауіпсіз», – дейді алматылық Смағұл Маусымбаев.

Жобаны «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шеңберінде Медеу ауданы әкімінің аппараты жүзеге асырды. Ауданда осы бағдарлама бойынша барлығы 44 жоба қолға алынған. Бүгінде 34-і бойынша жұмыс аяқталды. Қалғандары осы жылғы қараша айының соңына дейін орындалады.

Нұр ЖАМАЛ.



● ПРЕЗИДЕНТТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР?

Жаңа тарихи кезең: ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» тақырыбындағы сайлауалды бағдарламасында жосықсыз монополистердің қызметіне жол бермейтін республиканы дамытудың жаңа экономикалық моделіне көшу туралы айтқан еді. «*Экономика демонополизацияланады, ал мемлекет бизнеске қатысуын айтарлықтай азайтады. Адал бизнеске бюрократиялық қысым азаяды. Біздің барлық күш-жігеріміз кәсіпкерлікті ынталандыруға және қорғауға бағытталатын болады. Заңсыз иемделінген және шығарылған активтерді елімізге қайтару бойынша жұмысты жандандырамыз. Олар халықтың игілігі үшін жұмыс істейтін болады*», – делінген Президенттің сайлауалды бағдарламасында.

Сайлауалды бағдарлама экономикада адал және нақты ережелер орнатуға бағытталған. Атап айтқанда, мемлекет салық, бюджет, ақша-несие, тариф саясатын тең дәрежеде әрі ашық жүргізетін болады, сондай-ақ ішкі өндірісті, шикізаттық емес экспортты және т.б. ынталандырмақ.

Үкіметтің осы бағыттарда және жалпы Қазақстан экономикасын дамыту бойынша бір жылда жүргізген жұмыстары жайлы бүгінгі топтама мен инфографикадан таныс болыңыздар.

Инфографикадан көріп отырғанымыздай, 2022-2023 жылдары ғана елімізге \$41,3 млрд тікелей шетелдік инвестициялар тартылған екен. Өнеркәсіп салаларында орта және жоғары дәрежеде өңделген өнімдерді өндіруде пайдаланылатын базалық материалдар қажеттілігіне талдау жасалған. Бұдан бөлек, отандық өндірушілер мен өнеркәсіп-инновациялық қызмет субъектілері арасында шикізат жеткізу бойынша міндеттемелерді енгізуге бағытталған ҚР-ның «Өнеркәсіптік саясат туралы» заңына түзетулер әзірленді. Бұл өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірісін қолжетімді бағада шикізатпен толығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өндірушіден тұтынушыға дейін тауарларды жеткізудің ашықтығын қамтамасыз ететін тұтас кешен болып отырған Ұлттық қадағалау жүйесі енгізілді.

ЭКОНОМИКАНЫ ДЕМОНОПОЛИЗАЦИЯЛАУ

Экономиканы демонополизациялау бойынша жүйелі жұмыс жалғасуда. Демонополизациялау жөніндегі комиссия жұмысының нәтижелері бойынша:

- ірі 14 акционерлік қоғам мен ЖШС-дағы акция пакеттері мен қатысу үлестері;
- 7 ғимарат;
- 162 теміржол мен теміржол нысаны, автомобильдер, ақшалай қаражат пен басқа да мүліктер республикалық меншікке қабылданды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономикалық және саяси реформаларының жалғасы ретінде «Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды. Оның нормалары әкімшілік-билік ресурстарына иелік еткен немесе осындай қолдау алған олигополия субъектілеріне қатысты қолданылатын болады. Сондай-ақ, адал инвесторлардың



мүдделері толығымен қорғалатын болады!

Премьер-министрдің төрағалығымен Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері жөніндегі комиссия құрылды. Оның құрамына белсенді азаматтық позициясы бар қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелері кірді.

Бүгінгі таңда мемлекетке құны шамамен 1 трлн теңге сома болатын активтер қайтарылды. Оның шамамен \$600 млн-ы басқа юрисдикциялардан қайтарылған. Мысалы:

- БАӘ-ден шамамен \$15 млн;
- Австриядан \$82 млн;
- Лихтенштейннен \$260 млн;
- Гонконгтан \$2 млн қайтарылған.

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ

Қазыналық саясатты қайта қарауға көп көңіл бөлінуде. Мәселен, жаңа Салық кодексінің жобасы әзірленіп жатыр. Жұмыс тобына сарапшылар, экономистер және бизнес-қоғамдастық өкілдерінен бір мыңға жуық ұсыныс түсті.

Сонымен қатар, «сән-салтанат» заттарына қосымша акциз енгізу мәселелері пысықталып жатыр. Мұндай мүмкіндікті қарастыру қажеттігі туралы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында мәлімдеген.

Көлеңкелі экономиканың үлесін 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің 15%-ына дейін төмендету отырып, ЭБДҮ елдерінің деңгейіне жеткізу қажет. 2022 жылы елдегі мемлекеттен жасырылған экономикалық қызмет көрсеткіші ЖІӨ-нің шамамен 18,7%-ын құрады (жоспар бойынша – 19,9%). Президенттің Сайлауалды бағдарламасында қойылған мақсаттарды орындау үшін Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары өзектендірілді.

Салықтық және кендік әкімші-

лендіруді жетілдіру бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Кәсіпкерлерді көлеңкелі сектордан шығару үшін қолайлы бизнес-орта құрылуда.

БАНКРОТТЫҚ РӘСІМДЕРІ

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң қабылданды. Заң аясында борышкерлер үшін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімдері қарастырылған.

Соттан тыс банкроттық рәсім банкрот, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздары бойынша келесідей шарттарда қолданылады:

- берешек 1600 АЕК-тен аспаған жағдайда (2023 жылы 5520 мың теңге);
- қарыз 12 ай бойы өтелмеген жағдайда;
- жеке мүлкі болмаған жағдайда;
- банкпен реттеу рәсімі жүргізілген жағдайда.

Сот арқылы банкроттық рәсімі кредиторлар алдындағы берешек 1600 АЕК-тен асқан жағдайда және берешектің барлық түрі бойынша қолданылады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі сот арқылы берешекті 5 жылға дейін бөліп төлеу мүмкіндігін алуды қарастырады. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленіп, сот арқылы бекітіледі. Бұл рәсім түрінің ерекшелігі одан кейін борышкерге «банкрот» мәртебесі берілмейді, сондықтан борышкерге оның салдары қолданылмайды (5 жылға дейін банкрот пен МҚУ-дан несие алуға тыйым; банкроттықтың тек 7 жылдан кейін қайта қолдану; «банкроттықтан» кейінгі 3 жыл қаржылық жағдайы тексеріледі).

Бүгінгі таңда 11,3 млрд теңгеден астам сомаға 7,1 мың азамат банкрот деп танылды.

ТАРИФТІК РЕФОРМА

Тариф белгілеудің барлық процесінің ашықтығы, есептілігі және жариялылығы қағидаттарына негізделген тарифтік реформа басталды. Табиғи монополиялар саласын реттеудің әрбір кезеңі «Монополия» базасында цифрландырылған. Кәсіпорындардың сатып алулары да электрондық форматқа ауыстырылды.

Қазақстандық тұтынушылардың қаражатын мақсатты пайдалану жұртшылық пен техникалық сарапшыларды тарта отырып бақыланады. Егер тұтынушылардың құқығы бұзылған болса, олар үшін уақытша өтемақы тарифтері енгізіледі, ал табиғи монополиялар субъектілері әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

● ЖАҢА ЗАУЫТ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАЗАҚСТАН–МАЛАЙЗИЯ бірлескен кәсіпорны ашылды

«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында электротехникалық жабдықтар мен электр энергиясын тарату жүйелерін шығаратын зауыт іске қосылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Инвестициялық жобаны 1976 жылдан бастап мұнай-газ және электротехникалық өнімдер нарығында белсенді ойыншы болып табылатын малайзиялық компанияның Орталық Азия өкілдігі – «OISB Kazakhstan» ЖШС жүзеге асырып келеді. Өндіріс процесінде «RAWAK SMART» төмен вольтты жүйесінің инновациялық технологиясы қолданылатын болады.

Жобаны іске асыруға алаңы 0,6 га жер учаскесі бөлінді, жобаның құны 980 млн теңге, мұнда 50 жұмыс орны ашылатын болады. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 2 мыңға жуық өнім шығаруға есептелген.

– «OISB (Қазақстан)» ЖШС бүкіл әлем бойынша тұрақты түрде кеңейіп келе жатқан клиенттік базаға сапалы түрде қызмет көрсетуге тырысады. Өнімдеріміз бен қызметтерімізді ұсыну барысында біз келесі факторларға аса назар аударамыз. Оның ішіне біз аса мән беретін жерлер тұтынушыға бағдарлану және адалдық, өнімнің жеке орны стандартты дизайн мүмкіндігі және халықаралық сертификаты бар өнім сапасын бақылау жүйесін жатқыза аламыз. Сонымен қатар, бұл зауыт өнімдерін Қазақстан аумағында ғана емес, шетелдерге де сатуды көздеп отырмыз. Біздің өзгелерден ерекшелігіміз өз өнімдеріміздің сапасын жіті қадағалаймыз. Әр шығарған тауарды сатып алушының көзінше тестілеуден өткізіп береміз, – деді компания директоры Тан Мей Йок.

«ИТП» арнайы экономикалық аймағы Алматының Медеу ауданындағы 163 га аумақта орналасқан. Мемлекет тарапынан инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымның, бірінші кезектегі ғимараттардың, әкімшілік кеңсенің құрылыстары жүзеге асты. «ИТП» АЭА қатысушыларына салық және кендік жүктемені төмендету бөлігінде түрлі преференциялар мен жеңілдіктер беріледі.

– Бүгінде «ИТП» АЭА резиденттері – 160 компания, олардың 55-і (Kolesa Group, Azimut Labs, PayBox, жеке Касса және т.б.). «ИТП» АЭА аумағында орналасқан, қалған 105 компания (Kaspi Cloud, Eltex Alatau, Nero Lab, Asaq, prima Group, Almaty Enterprising Company және т.б.) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу саласында қызметтерін «эксаумақтылық» қағидаты бойынша жүзеге асырады. АЭА құрылған сәттен бастап оның қатысушылары 6727 жұмыс орнын құрды, 50,69 млрд теңге инвестиция тартты, 34,7 млрд теңге сомасында салық және бюджетке төлемдер түсті, 493,7 млрд теңгенің өңімі шығарылды, өзге де қызметтер көрсетілді, экспорт көлемі 7,46 млрд теңгені құрады, – деді «Алатау» технопаркі» ЖШС ИТП АЭА басқарушы компаниясының бас директоры Олжас Сартаев.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен прокуратураға инвесторларды заңды түрде қолдау тапсырылған болатын. Осы орайда Медеу ауданы прокуратураның орынбасары Бауыржан Тулендинов жұмыс барысымен бөлісті.

– Президент тапсырмасымен инвесторға заңды қолдау көрсетілді. Зауыт ашылғанға дейін де құқықтық көмек көрсеттік, алдағы уақытта заңды түрде қолдау көрсетуді тоқтатпаймыз. Басқа мемлекеттік қызметкерлердің инвесторлардың жұмысына кедергі келтіруіне жол бермейміз, – деді Бауыржан Тулендинов.

Ашылу салтанатына Малайзия елінің елшілігі қатысып, зауыттың маңыздылығы жайында атап өтті.

– Қазақстан бізге инвестицияға жақсы мүмкіндіктер береді. Бұл жерде көбіне құрылысқа, мұнай-газ өнімдіріне, сонымен қатар азық-түлік өнімдерімен айналысуға біз үшін үлкен мүмкіндік бар. Бұл зауыт Қазақстандағы алғашқы кәсіпорнымыз. Алдағы уақытта серіктестігімізді тоқтатпаймыз, екі ел арасындағы қарым-қатынас дами бермек, – деді Малайзия елшілігінің сауда бөлімінің кеңесшісі Мухаммад Хафизуддин Бин Исхак.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Заңсыз иемделінген активтерді қайтару:

АДАЛ БИЗНЕСКЕ АЛАНДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

Үкімет басшысы Парламент Сенатының отырысынан кейін өткен брифингте заңсыз иемделінген және елден шығарылған активтерді қайтару жөніндегі жұмыс туралы да айтып берді.

Премьер-министр активтерді қайтару жөніндегі жұмыс қабылданған заңға сәйкес жүріп жатқанын және ол Мемлекет басшысының саяси және экономикалық реформаларының қисынды жалғасы екенін атап өтті. Негізгі міндет – әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, активтерді қайтару және оларды республика экономикасына жұмыс істеуге бағдарлау. «Екі жолы бар – ерікті және мәжбүрлі түрде, олар сот шешіміне сәйкес жүзеге асырылады. Заңның күші жүретін адамдар тобы анықталған. Бұл – әкімшілік ресурстарды пайдаланып, активтерді заңсыз иемденген адамдар. Адал бизнеске алаңдауға негіз жоқ», – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-министр: Бүгінгі таңда шамамен 1 трлн теңгенің активтері қайтарылды. Оның ішінде шамамен \$600 млрд-ы шетелден қайтарылып отыр. Бұл жұмыс жалғасуда.

Үкімет басшысы тұжырымдағандай, қайтарылған қаражат әлеуметтік саладағы маңызды жобаларды, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін инфрақұрылымдық және өндірістік жобаларды іске асыруға бағытталатын болады.



АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ



(Фотодерек: Charles Platiau/Reuters)

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
МҰРАЛАР КОМИТЕТІҚазақстан ЮНЕСКО-ның аса маңызды әрі
беделді басқарушы органына мүшелікке
сайландыҚазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі
Ерлан Қарин өзінің Telegram парақшасында Қазақстан
2023–2027 жылдарға Дүниежүзілік мұралар комитетінің
мүшесі болып сайланғанын сүйіншілеп, пікір білдірді.

«Парижден жағымды жаңалық жетті. ЮНЕСКО Бас конференциясы жұмысының соңғы күні Қазақстан 2023–2027 жылдарға Дүниежүзілік мұралар комитетінің мүшесі болып сайланды. Құрамына 21 мемлекет кіретін Дүниежүзілік мұралар комитеті – ЮНЕСКО-ның аса маңызды әрі беделді басқарушы органы. Бұл Комитеттің нұсқаларды Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізуге және алып тастауға айрықша құқығы бар. Қазақстанның кандидатурасын 118 мемлекет қолдады. Еліміздің Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайлануы бірегей мәдени және табиғи мұраларамызды сақтауға қатысты белсенді жұмысымызды халықаралық қауымдастықтың мойындайтынын көрсетеді. Сондай-ақ, бұған дейін ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кеңсесіне Орталық Азия мемлекеттерінен бөлек Ауғанстан, Пәкістан және Иран мемлекеттерін қамтитын Көпсекторлы аймақтық кеңсе (Бюро) мәртебесін беру туралы шешім қабылданған болатын», – деп жазба қалдырды Мемлекеттік кеңесшісі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: web.telegram.org/k).

АНТИКОР

НАҚТЫ ТАПСЫРМА, НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС

Алматыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері
жөніндегі қалалық комиссия отырысы өттіГүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Арман Рахимовпен бірлесіп аудан әкімдерінің, әкімдік басқармалары мен құқық қорғау органдары басшыларының қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қалалық комиссияның отырысын өткізді.

Отырыста Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жою жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасын іске асыру барысы қаралды. Алматының тау бөктеріндегі құрылыс саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылыққа, сондай-ақ 2019-2020 жылдары басталған қаланың проблемалық объектілерінің құрылысын аяқтауға кедергі келтіретін себептерді жоюға ерекше назар аударылды.

Биыл сәуір-мамыр аралығында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, құрылыс саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жою үшін іс-шаралар жоспары қабылданды. 50 тармақтан тұрады, оның 29-ы Алматы әкімдігіне бекітілген. Тармақтарды іске асыру туралы Алматы қаласының қалалық жоспарлау және сәулет, жер қатынастары, құрылыс, энергетика және сумен жабдықтау басқармаларының басшылары баяндады.

Алматының жер бөлу және қала



құрылысын дамытуды жоспарлаудағы бұзушылықтарды болдырмау үшін әкімдік қаланың цифрлық картасында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың координаттарын белгілеу бойынша жұмыстарды бастады. Жердің кадастрлық құнын төлеу бойынша цифрлық құралдар енгізілуде.

Бүгінде тау бөктеріндегі аймақта құрылысты реттеуді қатаңдату бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде және мердігерлердің алған міндетін жосықсыз орындауы себебінен бұрын басталған проблемалық объектілердің құрылысын аяқтау үшін шаралар қабылдануда.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Арман Рахимов өз баяндамасында орталық мемлекеттік органдар тау бөктеріндегі аймақта құрылыс жүргізу саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыстар атқарғанын хабарлады.

Мәселен, ҚР Парламенті Мәжілісіне қала құрылысын бақылау органдарының жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік беретін түзетулерді қарастыратын заң жобасы енгізілді. Сондай-ақ, құрылыс пен жұмыс сапасын бақылаудың жаңа тетіктерін енгізу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы Парламенттің қарауында.

Отырысты қорытындылай келе, шаһар басшысы Ерболат Досаев әкімдіктің жауапты бөлімшелеріне іс-шаралар жоспарының барлық тармағы бойынша жоспарланған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуді және 15 желтоқсанға дейін алдын ала есептер дайындауды тапсырды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға, жоюға, қала құрылысы, жер қатынастары және қала құрылысын бақылау салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайтуға бағытталған жұмысты күшейтуді тапсырды.

ТУРИЗМ

МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТУРИСТІК АСТАНА

Алматыға шетелдік туристердің 70%-ға жуығы ШЫҰ елдерінен келеді


Үрімші қаласында Шанхай
Ынтымақтастық Ұйымының
(ШЫҰ) «Туризм жылы 2023»
форумы басталды. Оған
қазақстандық делегация да
қатысты.Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің 2023 жылғы 4 шілдедегі отырысында 2023-2024 жылдарға арналған төрағалық (2023 жылғы 5 шілде – 2024 жылғы маусым) Қазақстанға (Үндістаннан) өтті, ал Алматы қаласына мәдени және туристік астана мәртебесі берілді.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров атап өткендей, Алматы – еліміздің қаржы, мәдени және туристік орталығы деп танылған Қазақстанның ең ірі мегаполисі.

Алматының үлесіне ел ЖІӨ-нің бестен бір бөлігі (2023 жылдың I жартыжылдығында 20,1%) және Қазақстан Республикасы бюджетінің барлық кірістерінің төрттен бірінен астамы (2023 жылдың 9 айында 28,2%) тиесілі. Қала өзінің бай тарихи мұрасына, көп мәдениеттілігіне және тау кластеріне 20 минуттық колжетімділікте бірегей табиғи орналасуына байланысты туристік саланы, атап айтқанда тау, іскерлік, мәдени және спорттық туризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Бүгінгі таңда Алматыда әлемнің 77 елімен 45 тікелей әуе қатынасы және визасыз режимі бар.

– Қазіргі уақытта Алматыда туризм саласы пандемияға дейінгі деңгейге жетті. 2023 жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша қалаға 261,6 мың шетелдік турист келді, бұл 2018 жылдың сәйкес кезеңінен 62,8%-ға артық. Ағымдағы жылы келген туристердің 70%-ға жуығы



ШЫҰ елдерінде тұратын азаматтар екенін атап өткім келеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы визасыз режимді енгізу, ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасын Алматы деп жариялау және 2024 жылды Қытайдағы Қазақстанның туризм жылы деп жариялау сияқты бірқатар негізгі халықаралық оқиғалар туризмді дамытуға және елдер арасындағы сындарлы диалогты одан әрі нығайтуға ерекше әрі күшті серпін берді, – деді Әлішер Әбдіқадыров.

Алматыға 2023 жылдың алты айында 261 571 шетелдік турист келді. Оның ішінде ШЫҰ-ға қатысушы елдерден 180 113 (68,8%) турист бар. Сондай-ақ, Ресейден – 109 598 адам, ҚХР – 15 694 адам, Үндістаннан – 18 309 адам, Өзбекстаннан – 12 816 адам, Қырғызстаннан – 14 386 адам, Тәжікстаннан – 7585 адам, Пәкістаннан – 732 адам, Ираннан – 993 адам келген.

Бүгінгі таңда Алматының алдына ішкі және сыртқы туризмді дамыту, сондай-ақ

тартымды, бәсекеге қабілетті туристік бағыт ретінде қаланың он имиджін қалыптастыру мақсаттары қойылды. 2024 жылы Алматыға 520 мыңнан астам шетелдік турист, 2030 жылға қарай миллионға дейін адам келеді деп жоспарлануда.

ШЫҰ форумы аясында бірқатар панельдік сессиялар өтті, соның ішінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше елдерде тұрақты туризмді ілгерілету бойынша. Орнықты туризм, сондай-ақ экологиялық тұрақты немесе жауапты туризм ретінде белгілі, саланың қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға, биоәртүрлілік пен мәдени мұраны сақтау бойынша шаралар қабылдауға, әлеуметтік қатынастар мен жергілікті қоғамдастық экономикасын дамытуға бағытталған. Орнықты туризмнің негізгі идеясы келушілердің қажеттіліктері мен табиғатты, мәдениетті және дестинациялық экономиканы сақтау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету болып табылады.

G4 CITY

АЛАТАУ ҚАЛАСЫ

Қазақстандағы үлгілі
шаһарға айналадыҮкіметте өткен кеңесте Алма-
ты және Қонаев қалаларының
арасында Алатау шаһарының
(G4 City) құрылысы жобасын
іске асыру мәселелері талқы-
ланды.

Орталық мемлекеттік органдардың және өңір әкімдігі басшыларының қатысуымен қаланы дамыту тәсілдері қаралды. Жоспарға сәйкес ол отандық және шетелдік инвестицияларды тарта отырып, жаһандық стандарт бойынша жұмыс істейтін Халықаралық бизнес-хабқа айналуы тиіс. Бұл ретте Дубай, Сингапур, Тяньцзинь және т.б. сияқты әлемнің егілігі орталықтарын құру тәжірибесі негізге алынбақ.

Атап айтқанда, Алатау қаласын дамыту Қытаймен және Орталық Азия елдерімен сауда және инвестициялық өзара іс-қимыл деңгейін арттыруға, бірқатар жаңа өндірістік және коммерциялық жобаны іске қосуға, түрлі салаларда озық тәжірибені енгізуге мүмкіндік бермек. Осы мақсатта инвестициялар тарту және кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасалып, ынталандыру шаралары көзделетін болады. Бұл соның ішінде салық және кедендік артықшылықтарға да қатысты.

Сонымен қатар, Алатау қаласының аумағында ерекше құқықтық режимді, оның ішінде АХҚО құқығын енгізу мүмкіндігі қаралатын болады.

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов жобаны іске асыру кезінде халықаралық тәжірибені ескеріп, тиімділігі жоғары шараларды қолдану қажеттігін атап өтті.

Бұдан басқа бизнеспен өзара іс-қимылда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы қажетті инфрақұрылым құрылысын жандандыру қажеттігі де айтылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

КЕЗДЕСУ

«БІЗГЕ ДИМАШ КЕЛДІ!»

Алматыдағы ең озық үлгідегі Шоқан мектебінің оқушылары әлем көрермендерінің көзайымы, атақты Димаш Құдайбергенмен кездесті

Танымал әнші алдымен заманауи үлгідегі айтулы мектептің ішін аралап көрді. Оқушылардың саналы тәрбие мен сапалы білім алулары үшін жасалған барлық игіліктерге ризашылығын білдірді. «Бәрекелді, керемет екен. Осындай мектепте білім алған балалар қалай бәсекеге қабілетті болмасын» деп өзінің үлкен үміт күтетінін жеткізді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл күні мектептің «Амфитеатрына» жиналған оқушылардың қуанышы, тіпті ерекше болды. Қуанбай ше, әлем мойындаған дүлдүл Димаш оқушылармен кездесу үшін арнайы ат басын бұрып отыр. Әншіні көруге асыққан оқушылар өздері арман еткен өнер жұлдызы кіріп келгенде зор қошеметпен құрмет көрсетті. Димаштың дәулескер күйші екенінен хабардар оқушылар күй тартуды ұсынды.



Оқушылардың сұрауы бойынша Димаш 3–6-сынып оқушыларынан құралған оркестрдің орындауындағы Құрманғазының «Балбырауын» күйін бірге орындады. Келесі кезекте үлкен экраннан Димаштың бала

кезінде орындаған «Ақ көгершін» әнінің видеосы көрсетіліп, оқушылар екінші шумағын қосыла шырақды. Осынау сағынышқа толы сәт әншінің нәзік сезімін тербеп жібергенін, өзінің әдемі әсер алғанын жеткізді.

Кездесудің жүргізушілері Асылжан мен Ерасыл атақты әншіге түрлі сауалдар қойып, өздерін өте еркін ұстады. Әсіресе, әнші өзіне атасы мен әжесі туралы қойылған сауалға толқп отырып

жауап берді. Өзін қалай еркелетіп, қалай тәрбиеленгені туралы айтқан әрбір жауабын оқушылар да зор ыждағаттылықпен қабылдап отырды. Мектептің құрылтайшысы Әсел Иманғалиқызы кеш қонағына бүкіл ұжымның алғысын жеткізді.

– Димаш, бауырым! Сен қазақтың маңдайына біткен алтын жұлдызсың! Білім ордамызға қош келдің! Жақында ғана алған Халық әртісі атағы құтты болсын! Әлемдік деңгейдегі марапатқа ие болуға әбден лайықсың! Қазір тек ұлтымыздың ғана емес, әлемнің азаматына айналдың. Осындай қарапайым мінезіңнен танба! Бұдан да биік белестерді бағындыра бер, – деп, Ділдә Матайқызының «Әселге айтқан ертегілер» деген кітабын тарту етті.

Кездесуде әнші Димаш бүлдіршіндер де осылай жайқалып өссін деген ниетпен оқушылармен бірге бөлме гүлін отырғызды. Оқушылар әншінің орындаған әнін тыңдап, әдемі әсерге бөленді. Кездесу соңында белгілі өнер иесімен қимай қоштасқан оқушылардың «Димаш аға, біздің мектепке тағы да келесіз бе?» деген сауалына «міндетті түрде» деп жауап берді.



ТҰСАУКЕСЕР

«ЖАЛҒЫЗ ҚАРАҒАЙ»

оқырманымен қауышты

Алматының зиялы қауымы «Атакентте» өткен «Ұлы жібек жолымен – 2023» атты ХІ Халықаралық кітап және полиграфия көрмесі аясында Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың, түркі әлемінің «Түрік бірлігі» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Құрмет» орденінің иегері, қазақтың белгілі ақыны Ғалым Жайлыбайдың «Атамұра» баспасынан шыққан «Жалғыз қарағай» атты кітабының тұсаукесеріне қатысты.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Қазақ поэзиясында Ғалым Жайлыбайдың есімі ерекше, орны бөлек. Өмірі өлеңмен өрілген ақынның болмысы да ерекше. Өзгеше жаралған жанның өлеңі де ерекше келеді емес пе? Әсіресе, қоғамдағы орын алып жатқан түрлі жағдайлар ақынды бей-жай қалдырмай, жазған өлеңі оның жанайқайындай



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

естіледі. Бұл күні дөп жазатын ақынның әріптестерімен қатар, шығармашылығын құрметтейтін оқымандары да көп болды. Кітаптың тұсаукесерін Ғалым Жайлыбай өз өлеңімен ашты.

Келесі кезекте Темірхан Медетбек, Смағұл Елубай, Бауыржан Жақып, Алмас Ахметбек, Маралтай Ыбыраев сөз алып, ақынның адами қасиеті мен шығармашылығы туралы пікірлерін білдірді. Республикалық Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін тереңдетіп оқытатын мектептің талантты оқушылары ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Сөз кезегін алған Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы тө-

рағасының орынбасары, ақын Бауыржан Жақып былай деді:

– Өзге баспалардың барлығы да осы «Атамұрадан» үлгі алса деймін. Біздің жазғандарымызды басып, оны оқырманымен қауыштырып тұрса, не арман бар? Қазақтың ақын-жазушыларына есігін айқара ашқан «Атамұра» баспасына, оның басшысына мың да бір алғыс айтамыз. Әлгіңде кітап қолыма тиісімен парактап қарап шықтым. Ішкі толған соңғы кездері жазылған жаңа өлеңдер екен. Жалпы, бір кітапты қайталап баса бергенше, осындай жаңа кітаптарды шығарған дұрыс, – деген ақын әріптесіне арнаған өлеңін оқыды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ:

«Жалғыз қарағайдың» басты ерекшелігі үлкен баспадан шықты. Халқымыздың біртуар ұлдарының бірі – Әсет Нaimанбаев арғы бетте жатыр. Қасиетті сол жер «Жалғыз қарағай» деп аталады екен. Үлкен бір сапарымда сол жерде болдым. Сондықтан жаңа кітабымды сол кісінің құрметіне осылай атағанды жөн көрген едім. Кітапқа жаңа өлеңдер, кешегі Қаңтар оқиғасы кезінде жазылған өлеңдер, ел мен жер туралы жазылған өлеңдерім енді. «Жалғыз қарағай» жаңашыл кітап. Оның оқырманы да көп болады деп ойлаймын.

Рақымғали ҚҰЛ-МҰҚАММЕД:

Жыл сайын осы «Жібек жолымен» халықаралық кітап және полиграфия көрмесі өткен кезде біз баспамыздан шыққан жаңа кітаптың тұсаукесерін жасаймыз. «Атамұра» баспасының «Атамұра кітапханасы» деген сериясы бар. Сол сериямен шығатын қазақтың ұлы жазушылары жазған кітаптардың қатары тағы бір жаңа кітаппен толығып отыр. Жаңа кітапқа Ғалым Жайлыбайдың 126 өлеңі мен 3 поэмасы еніп отыр. Қай өлеңін алсаңыз да төгіліп тұр. Көкірегі ояу оқырманға ой салады деп ойлаймын.

– Поэзия мен прозаның кілең жарық жұлдыздары отыр. Өзіміз жазғанмен, біз де оқырманбыз. Мен Ғалым бауырымның кітабын оқырман ретінде оқыдым. Адамзат жасайтын асқан зұлымдық жайлы жазған шығармасын оқып таңқалдым. Мұндай дүниені қазақ поэзиясынан көреміз деп ойламап едім.

Ақын өлең майданында осы зұлымдықпен күресті, – дейді жазушы Смағұл Елубай.

Кітаптың тұсаукесерін ұйымдастырған «Атамұра» баспасының президенті Рақымғали Абрарұлы ақынның «Алматы» атты өлеңін оқып, баспа ұжымы атынан ат мінгізді.



БРИФИНГ

Алматы қаласы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы ауданының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы брифинг өтті. Оған аудан әкімі Айдар Жақыбаев қатысып, БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Әлеуметтік нысандар
жақсаруда

Алмалы ауданының әкімі Айдар Жақыбаев атап өткендей, қала бойынша аудан оқушы орындарының тапшылығынан ең төменгі көрсеткішке ие. Жалпы контингенті 38 мың оқушыны құраса, 1137 орын жетіспейді.

– «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алмалы ауданында Райымбек даңғылы мен Әуезов көшесінің қиылысында 1,5 мың орынды жаңа мектеп салынып, 2024 жылдың 4 тоқсанында құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтайды, – дейді аудан басшысы.

Әкімдік 300 орынды №16 мектепке қосымша құрылыс салуға және ағымдағы жылдың IV тоқсанында сараптамасы өтетін №58 мектепке спорт және акт залдарын салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлейді. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының болжамды басталу күні (конкурстық рәсімдерді ескере отырып) 2024 жылдың сәуірі деп белгілеп отыр.

Биылғы жылы №15 гимназияға күрделі жөндеу жұмыстары аяқталса, қараша айында №136 мектеп-гимназиясына күрделі жөндеу жұмыстарымен сейсмикалық күшейту бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. Жұмыс 2024 жылдың тамыз айында аяқталады.

Тегін үйірмелерге қатысады

Орталықсыздандыру аясында аудан әкімдіктеріне балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерді қаржыландыру бойынша функциялар берілгенін атап өткен жөн.

«2023 жылдың сәуір айынан желтоқсан

ТАРИХИ КЕЛБЕТ САҚТАЛАДЫ

Алмалы ауданында ауқымды жұмыстар атқарылуда



айына дейін 1,2 млрд теңге бөлінді, бұл 7 мыңнан астам баланы қамтуға мүмкіндік берді, оның 4 мыңға жуығы спорттық және 3 мыңнан астамы шығармашылық секциялармен қамтылды», – деп бөлісті аудан әкімі.

Damu bala бағдарламасын іске асыруға үйірмелер мен секциялардың 211 бағыты бойынша (66 спорттық және 145 шығармашылық) 106 тапсырыс орындаушы қатысады.

Қорытындылай келе, аудан басшысы аталған бағдарламаның танымалдығы мен балаларға тигізетін пайдасын ескере отырып, келесі жылы балаларды көбірек қамту үшін бюджет қаражатының көлемі ұлғайтылатынын атап өтті.

Денсаулық бәрінен маңызды

Айдар Жақыбаев денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жайына кеңірек тоқталды. Алмалы ауданында емханаға барлығы 400 мыңнан астам адам тіркелген, 6 мемлекеттік, 12 жеке (мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейді) емхана жұмыс істейді.

– Көптеген қала тұрғындарын Абай–Масаншы бойындағы бұрынғы теміржол ауруханасы ғимаратының тағдыры әлденеше рет алаңдатқан. Ғимараттың тарихи келбетін сақтау мақсатында Алматы қаласының әкімі заманауи үлгідегі «Қалалық балаларды оңалту орталығын» ашу туралы шешім қабылдады, – деді аудан әкімі.

2024 жылы №1 перзентхананың тозған корпусын бұзу (1937 жылы салынған) және заманауи жабдыктармен жабдықталған жаңа корпус салу жоспарлануда. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді аяқтау – 2024 жылғы III тоқсан. Сонымен қатар, 2024 жылдың II тоқсанында Райымбек даңғылы, 312 мекенжайы бойынша психикалық дамуы тежелген балаларға арналған бассейні бар спорт орталығының құрылысы басталады.

Жаңарту жұмыстары
жалғасады

Алмалы ауданында қала орталығының тарихи бейнесін сақтай отырып, үйдің 44 қасбеті жаңартылды. Бұл жұмыс қазіргі уақытта Жароков пен Шевченко көшелеріндегі тағы үш қасбетті жаңарту жұмыстарымен жалғасады.

Осы жұмыстардың арқасында соңғы бірнеше жылда 170-ке жуық үй өзінің бастапқы көрінісін қалпына келтірді. Қасбеттерді қайта жаңартып, жөндеу үшін үйлерді таңдағанда, олардың жай-күйі ғана емес, сонымен қатар тарихи құндылығы да ескерілген.

2000-нан астам шам
орнатылды

Аудан әкімі өз сөзінде тұрғындардың ең көп өтініштері көшелерді жарықтандыру мәселесіне қатысты екенін атап өтті. Оның

айтуынша, ауданның көше жарығына бюджеттен 837,8 млн теңге бөлінген. Тамыз айынан бастап барлығы 2391 шам және 18 шақырым кабельдік желі ауыстырылған.

– Егер аптасына 60–70 өтініш келіп түссе, олардың шамамен 40%-ы көшені жарықтандыруға қатысты. Ағымдағы жылы ауданның көше жарығына бюджеттен 837,8 млн теңге бөлінді. Алмалы ауданы әкімінің аппаратымен «Алматы Қала Жарық» МКК-мен шарт жасалды, – деді А.Жақыбаев.

Жайлы өмір сүруге
жағдай бар

Бүгінде «Халық қатысатын бюджет» жобасы мегаполис тұрғындары үшін жақсы құралға айналды. Алмалы ауданының әкімі Айдар Жақыбаев тұрғындардың бірігіп, жергілікті атқарушы органдар олардың өмірін қолайлы етуге қалай көмектесіп жатқанын айтты.

– Абаттандыру барлық қалалық және аудандық бағдарламалардың ең маңызды бөлігі болып табылады. Біз жүзеге асыратын жобалар жоғары сапалы қалалық ортаны құруға орасан зор үлес қосып, Алматыда күнделікті жайлы өмір сүруге жағдай жасайды. Осындай бағдарламалардың бірі – «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы, соның арқасында біз тұрғындармен бірлесіп аула аумақтарын абаттандыруды көбірек қамти аламыз, – дейді А.Жақыбаев.

Жоба тұрғындарды жергілікті мәселе төңірегінде біріктіреді. Көршілерді талқылауға тартады және оларға ауланы, саябақты немесе қоғамдық бақшаны қалай дұрыс ұйымдастыру керектігін ең ұсақ бөлшектерге дейін анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының 2 кезеңі аясында барлығы 34 жоба жүзеге асырылуда, оның 20-сы аула аумақтарын жөндеуге, 8-і автоматты суару қондырғысын орнату арқылы абаттандыруға, 5-еуі қоғамдық орындарды құруға, 1-еуі қоқыс жәшіктерін орнатуға арналған. Бүгінгі таңда 30 жоба аяқталды, 4 жоба жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, 87 аула аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Бір бөлігі қазірдің өзінде аяқталды, қалған аулалар қараша айының соңына дейін ретке келтіріледі. 2016–2023 жылдар аралығында барлығы 805 аула жөнделді.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен бұл жолғы баспасөз мәслихатына Бостандық ауданының әкімі Санжар Алин келіп, халық игілігі үшін жасалып жатқан биылғы тың жаңалықтармен бөлісіп, іргелі ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін де тілге тиек етіп, БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Екі емхана бой көтереді

Спикер кейінгі жылдары Бостандық ауданында медициналық мекемелердің саны артып келе жатқанын атап өтті. Мәселен, биыл 5 денсаулық сақтау нысанын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу жоспарланған. Медициналық мекемелерге жүктемені азайту мақсатында әрқайсысы 500 орынды 2 емхана салу жоспарланған. Әл-Фараби даңғылы мен Сырғабеков көшесінің қиылысында бой көтеретін бірінші емхананың жобалау-сметалық құжатын әзірлеу биылғы ақпанда басталды. Мемлекеттік сараптама қолға жыл соңына дейін тиеді. Ал Екінші емхана Гагарин даңғылы мен Левитан көшесінің қиылысында орналасады. ЖСҚ наурызда қолға алынған, оның да мемлекеттік сараптамасы жыл соңына дейін беріледі.

2020–2024 жылдарға арналған «Жаңа Алматы» кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде «Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының» операциялық блогы бар қабылдау бөлімшесінің корпусының құрылысы да қарқынды жүруде.

Биыл 80 аула түрленді

Аудан әкімі Санжар Алин «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы туралы да кеңірек әңгімелеп берді. Мәселен, Бостандық ауданы тұрғындарының 2023 жылы 800 миллион теңгеге 17 жобасы мақұлданды. Айта кетейік, ауданда 670 аула бар. Биыл 80 аулаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Биыл 4 қоғамдық кеңістікке, 10 спорт және балалар алаңына жөндеу жұмыстарын жүргізу көзделген. Олар бойынша қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары аяқталып

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБУДА

Бостандық ауданының әлеуеті жоғары

келеді. 12 жерасты және 7 жерүсті жаяу жүргіншілер өткеліне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Жоспарланған 55,2 км арық желілерін реконструкциялаудың бүгінгі күні 22 шақырымы аяқталды. Аудан аумағында 19 контейнерлік алаңды күрделі жөндеу және салу жұмыстары жүргізілді. 98 контейнерлік алаңды күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Құрылыс-монтаж жұмыстары келер жылдарға жоспарланған.

«2024 жылы «Тұңғыш Президент саябағын», «Пекин олимпиадашылары-2008» скверімен қамти отырып, «Атакент», «Южный» парктерін, Үлкен Алматы және Есентай өзенінің жағалауын, ҚазМемЦирк, қалалық әкімдік, Байсейітова маңындағы субұрқақтарды үрделі жөндеу жоспарланған», – деді С.Алин.


Абай даңғылы мен Гагарин даңғылының қиылысында 1 га жер учаскесін абаттандыру жұмыстары басталды. Онда балалар, футбол, баскетбол және коньки алаңдары, иттерді серуендетуге арналған алаң болады, орындықтар, урналар орнатылатын заманауи демалыс аймағын салу жоспарлануда. Қосымша суару жүйесі бар жасыл желектер отырғызылатын болады.

Сондай-ақ, биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 32 жобаны іске асыру жоспарланып отыр, оның ішінде Гагарин бульварының жөндеу жұмыстары және осы даңғыл бойында тұрақ орындарын орнату көзделген.

98 көшенің жолы жаңарды

Аудан басшысы көшелердің жайы, олардың абаттандырылуы, жарықтандырылуы туралы да айтып өтті.

«Ауданда 98 көшеге ағымдағы жөндеу жүргізілді, онда жол жабыны төселді, 330 дана люк пен жаңбырқабылдағыштар көтерілді. Сондай-ақ, жиектер мен жиектастар тазартылып,



9320,05 м² алаңға брусчатка төселіп, 5 қалқымалы люк орнатылды», – деді С.Алин. Бұдан басқа, 8 бағдаршам орнату жоспарлануда. Оның ішінде 4 бағдаршам: Гагарин–Березовский, Розыбакиев–Березовский, Розыбакиев–Ходжанов, Жароков–Си Синхай, қалғандары Әуезов–Өзтүрік, Садықов–Роза алқабы, Жандосов көшесінен оңтүстікке қарай Манас, ҚазҰУ бойынша шақыру түймесі бар реттелетін жаяу жүргіншілер өткелдерінде орнатылады.

Бостандық ауданында ұзындығы 659,63 км 23 388 жарық нүктесі орнатылды, оның ішінде 7546-сы аулаішілік.

«Жайлы мектеп» игілігі

Бостандық ауданында мектептер, балабақшалар саны да артып келеді. Дегенмен, әлі де шешімін күткен мәселелер бар. Бүгінгі күні оқушы орнының тапшылығы 3679 орынды құрап отыр. Спикер осы өзекті мәселені шешу үшін ауданда 8000 орынды 5 мектеп салу жоспарланғанын тілге тиек етті.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында үш мектеп салу жоспарлануда: Егізбаев, 9 мекенжайы бойынша – 2500 орынды мектеп, Розыбакиев – Левитан көшелерінің қиылысында – 1500 орынды және Розыбакиев – Қожабеков қиылысында 2000 балаға арналған мектеп бой көтереді. «Bazis-A» компаниясы 300 оқушыға арнап №65 мектепке қосымша құрылыс салуды аяқтады. Сондай-ақ, сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған №9 арнайы түзету мектеп-интернатында 120 орынды тәмақ және оқу блогының құрылысы аяқталды», – деді С.Алин.

Сонымен қатар, әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде «РАМС Қазақстан» құрылыс компаниясы «РАМС Сити» КІПТК аумағында 2024 жылдың соңына, 2025 жылдың II тоқсанына дейін 1100 орынды мектеп және 240 орынды (әрқайсысы 120 орынды) 2 балабақша салатын болады.

Ауданда биыл қосымша 603 орынды 15 жекеменшік балабақша ашылды. Ауданда барлығы 31 мемлекеттік және 73 жекеменшік балабақша жұмыс істейді.

«Акварель» ТК-де 300 орынды №189 балабақша пайдалануға берілді. Сондай-ақ, «Орбита-3» ықшамауданында бұрынғы №1 балалар үйінің ғимаратын 480 орынды балабақша қылып қайта құру туралы шешім қабылданды. Науаи көшесіндегі №113 бөбекжай ғимаратын сейсмикалық жағынан күшейте отырып, қалпына келтіру жұмыстары мен күрделі жөндеу аяқталады», – деді аудан әкімі.



Мәдина САНАТҚЫЗЫ, эпидемиолог–дәрігер:

ҚЫЗЫЛШАДАН ЕКПЕ ҚОРҒАЙДЫ

Кейінгі уақытта қызылша ауруы біздің елдің ғана емес, әлемнің «бас ауруы-на» айнала бастады. Себебі, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өзі қызылшаның белең ала бастағанына алаңдап, егер оның алдын алмасақ, пандемияға айналып кету қаупі бар екенін ескертті. Тақырыпқа орай біз №8 қалалық емхананың эпидемиолог–дәрігері Мәдина САНАТ–ҚЫЗЫМЕН сұхбаттасқан едік.



– Қызылшаның тез жұғатын жұқпалы ауру екенінен хабардармыз. Бұл аурудың негізгі белгілері қандай? Тұрғындар не нәрсеге мән бергені абзал?

– Қызылша – ауа арқылы тарайтын жіті инфекциялық ауру. Ол тек науқас адамнан жұғады. Ересектерде ауырлау, қиындау, ал балаларда оңай өтеді. Балалар қызылшаның ауыр түрлерін тек нәресте кезінде және иммунитеті әлсіз-реген жағдайда жұқтырып алады. Аурудың жасырын кезеңінің екінші күнінен денедегі бөртпелер 4 күн аралығында қатынаста болған адамдарға тыныс алу арқылы ауадан жұғады. Адам өмірінде қызылшамен ауырмаған болса, не егілмеген жағдайда жұқтырып алады. Вакцина алмаған немесе одан кейін де иммунитетті дамытпаған адамның өзіне қызылшаны жұқтыру қаупі жоғары.

Қызылшаның белгілеріне тоқтала-тын болсақ, оның жасырын (инкуба-циялық) кезеңі 9–11 күн. Егер бұрын екпе алған болса, жасырын кезеңі 15–21 күнге созылуы мүмкін. Инкубация-лық кезеңнен кейін науқастың темпе-ратурасы 39–39,5 градусқа дейін күрт көтеріледі. Мұнымен бір мезгілде жұмсақ тері бөртпелері, жалпақ қыз-ғылт дақтар пайда бола бастайды. Бір-неше сағат ішінде бөртпелер саны күрт артады. Алғашқы белгілері: қызуы кө-теріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті на-шарлап, мұрнынан су ағып, ащы жөтел пайда болып, көзі қызарып, қабынады. Одан жұмсақ және қатқыл тандайда теңбіл бөртпелер пайда болады. Екі ұрттың үстінде қызылшаға тән майда ақшыл бөртпелер кілегей қабығының үстінде ерекшеленіп тұрады. Сыртқы түріне қарағанда бұл бөртпелер «ман-на» түйіршігіне ұқсайды. Дақтар дөңс

пішінді болады, олардың ортасында сұйықтығы бар көпіршіктер болады. Әрине, бұл жағдайда ештеңені сығып алуға болмайды. Алғашқы 3–4 күндегі бөртпелер өте күшті болуы мүмкін және тек теріде ғана емес, сонымен қатар шырышты қабақтарда: көзде, жыныс мүшелерінде және ауызда кез-десуі ықтимал. Бұл жағдайда бала, әдетте, қатты қышынып қиналады. Қызылша асқынғанда ағзаның орталық жүйке жүйесінің жұмысы зақымдалып, жүйкенің қабынуынан өзгерістер көп болады.

Шамамен бір айдан кейін аурудың беті қайтады. Терідегі қызыл дақтар (бөртпелер) кетіп, олардың орнына қырғыстар пайда болады. Олар жоғал-ғаннан кейін теріде ешқандай із қал-майды.

– Қызылшаның арнайы емі бар ма?

– Арнайы емі жоқ. Алайда, ауру белгілерін азайтуға көмектесетін шаралар бар. Мысалы, жаңа бөртпелер са-нын азайту үшін төсек-орын мен іш киімді жиі ауыстырыңыз. Жиі жуынба-ған абзал, егер температура болмаса және қабыну процесі байқалмаса, бала көбінесе марганецтің әлсіз ерітіндісін қосып аз уақытқа ванна қабылдай ала-ды. Педиатрлар душ қабылдауға кеңес бермейді. Балаңыздың қарапайым диет-а ұстануын қадағалаңыз. Бұл аллер-гендердің барлық түрін болдырмау үшін қажет. Диетада сүт және көкөніс өнімдері көбірек болуы керек, көбірек сұйықтық (шай, сорпа, кампот, мине-ралды сулар және т.б.) ішкен дұрыс. Дене қызуы көтерілгенде парацетамол негізінде антисептик берген жөн. Ас-пиринді қолданбаңыздар. Көк дәрі (зеленка) қызылшаға әсер етпейді, бі-рақ бөртпенің ошақтарын дезинфек-

циялау үшін пайдаланылады. Спирт қолдануға болмайды.

Қызылша дене қызуымен және терідегі бөртпемен шектелмейді, ішкі органдарды да зақымдап, салдарынан ағзаны ұзақ уақыт оңалтуға тура келетін жағдайлар да болады. Тіпті, түрлі асқынулар адамды мүгедек етуі немесе оның көз жұмуы да мүмкін.

– Ал бұл аурудың алдын алу ту-ралы қандай кеңес айтар едіңіз?

– Әрине, сақтық шараларын жүйелі түрде жүргізсек, қызылшаның алдын алуға мүмкіндік мол. Балалар қызыл-шаны көбіне балабақшаларда жұқты-рып алып жатады. Қызылшамен ауыра-тын адам айналасындағыларға 7–10 күн бойы қауіпті болады.

Балаларда қызылшаның алдын алу екі кезеңде жоспарлы вакциналау түрінде жүргізіледі. Екпеден кейін түзілген иммунитет ағзаны қызылша-дан қорғайды немесе оны жұқтырған жағдайда ауру өте жеңіл және ешқан-дай асқынусыз өтеді. Бүгінде вакцина баланың 12–15 айлығында, ал ревакци-налау 6 жасында жүргізіледі. Қызыл-шаның ағзасы нәзік балаға аса қауіпті екенін біле тұра, кейбір ата-аналар балаларына тиісті егу жұмыстарына келісім бермеуі таңғалдырады бізді.

Екпе алмағандар емханадан оны тегін салдыра алады. Тақырыпқа орай айта кетсем, қызылшаға қарсы екпе алмағандардың осы ауруға жиі шалды-ғатынын көпшілік біліп жүрсе дейміз. Сондай-ақ, таза ауада жиі серуендеу, ауасы алмаспаған, яғни желдетілмеген, кісі көп болатын қоғамдық орындарға бара бермеу, жеке гигиена талаптарын сақтау, даладан келген бойда қолды сабындап жуу сынды қарапайым дағ-дылар да аурудың алдын алуға көмек-теседі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қазақстанға вакцинаның 500 мың доза партиясы келді

Алматыға қосымша жаппай иммундау жүргізу үшін 500 мың доза мөлшерінде қызылшаға, қы-замыққа және паротитке қарсы вакцина (КҚП) партиясы келді. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Биыл елімізде, әлемнің көптеген елдеріндегідей, қызылшамен сырқаттанушылық бойынша қолай-сыз эпидемиологиялық жағдай байқалады.

Қызылша – инфекцияның таралуы ауа тамшы-лары арқылы берілетін жұқпалы вирустық инфек-циялардың бірі. Қызылшамен ауырмаған және оған қарсы егілмеген адамдар өмір бойы қызылшаға өте сезімтал болып қалады және кез келген жаста ауырып қалуы мүмкін. Денсаулық сақтау ми-нистрлігі ел халқының арасында қызылшамен сыр-қаттанушылықтың одан әрі таралуының алдын алу мақсатында осы жылдың 6 қарашасында қы-зылшаға қарсы қосымша жаппай иммундауды бастады.

Елімізде қызылшамен сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдайды тұрақтанды-ру үшін шұғыл ден қою шаралары қабылданды. Халық арасында қызылша инфекциясымен сырқат-танушылықтың одан әрі таралуының алдын алу мақсатында Бас мемлекеттік санитариялық дәрі-гер егу мәртебесіне қарамастан балаларға қызыл-шаға, қызамыққа және паротитке қарсы қосымша жаппай иммундау жүргізу жөніндегі қаулыға қол қойды.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі халықты иммундау үшін вакцинаның қосымша көлемін са-тып алу мәселесін пысықтады. Жалпы, қосымша жаппай иммундау жүргізу үшін КҚП-ға қарсы вак-цинаның 1,5 млн-нан астам дозасы сатып алынды. Келген вакцина жедел тәртіпте ҚР ДСМ СЭБК-нің бөлуіне сәйкес ел өңірлеріне жіберілетін болады. Бірыңғай дистрибьютор иммунобиологиялық пре-параттардың логистикасын барлық GMP және GDP стандарттарын, сондай-ақ «суықтық тіз-бегін» сақтай отырып жезуге асырады.

Вакциналау үшін «Serum Institute of India» шы-ғарған қызылшаға, қызамыққа және паротитке (КҚП) қарсы аралас вакцина қолданылады. Бұл вакцинаны өндіруде өндірілетін вакциналардың сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беретін ДДҰ ал-дын ала біліктілігі бар. Қызылшаға қарсы вакцина 60 жыл бойы қолданылып келеді және аурудың таралуын тоқтату үшін ұсынылады.

Бірінші кезекте 6 айдан 11 айға дейінгі балалар иммундауға жатады. Желтоқсаннан бастап егу мәртебесіне қарамастан 2 жас-тан 5 жасқа дейінгі балаларды, медицина қызметкерлерін (55 жасқа дейін), сондай-ақ профилактикалық егуді өткізіп алған 18 жасқа дейінгі адамдарды қызылшаға қарсы қосымша иммундау жоспарлануда.

Қызылшаға қарсы профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес елімізде балалар жоспарлы түрде екі рет егіледі: бала алашқы егуді 12–15 айлығында, екіншісін – 6 жасында алады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

МАМАН МІНБЕРІ

КҮЙЗЕЛІС, УАЙЫМ-ҚАЙҒЫ

инсультке шалдықтыруы мүмкін

Инсульт алған адамның тез оңалып кетуі қиындау. Бұл мидың қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуы нәтижесін-де пайда болатын кесел. №11 қалалық емхананың невропатолог–дәрігері Балғын Салимованың айтуынша, инсульт кез келген жаста болуы мүмкін.

Инсульттің салдарынан адамның қалып-ты сөйлеу мәнерінің бұзылуынан бастап, толықтай сал ауруына шалдығып қалуы да мүмкін.

– Бұл аурудың осындай қиындығына, салдарына қарамастан, бүгінгі дамыған за-манауи медицина пациенттердің сауығып, қалыпты өмірге оралуына мүмкіндік бе-ретін көптеген емдеу және оңалту әдіс-терін ұсынады. Жылдам реакция және уа-қытылы көмек болған жағдайда адамның өмірін сақтап қалу мүмкін екенін есте ұста-ған жөн. Сондықтан инсультке күдіктен-сеңіз, дереу дәрігерге қаралуыңыз керек, – дейді дәрігер.

Иә, инсультпен күресудің негізгі аспекті-лерінің бірі – жедел алдын алу. Салауатты өмір салтын ұстану, тұрақты жаттығулар жасап тұру, дұрыс тамақтанып жүру және жаман әдеттерден аулақ болу инсульт қаупін айтарлықтай азайтады.

Медициналық тексеруден жүйелі түрде өтіп тұру да инсульттің алдын алуда маңыз-ды рөл атқарады. Дәрігер кез келген қауіп факторларын анықтай алады және оларды жоюдың алғашқы қадамдарын жасауға кө-мектеседі.

Сондай-ақ, дәрігерлер адамның күйзеліс-ке түсіп, уайым-қайғыға тым беріліп кетуі де инсульт қаупін арттыруы мүмкін деп отыр. Сондықтан эмоционалдық жағдайларға на-зар аударып, қажет болған жағдайда дәрігер-мамандардың көмегіне жүгіну маңызды.

Инсульт науқастың өзі үшін ғана емес, оның жақындары үшін де қиындық туғыза-ды. Сауығу процесінде отбасы мен достары-ның қолдауы мен қамқорлығы да маңызды рөл атқармақ.

Балғын Салимова инсульттің үкім емес екенін, оны заманауи медицина мен оңалту қадамдары арқылы жеңуге болатынын тағы да атап өтті. Ең бастысы – адам өзіне, тәуір болатынына, ауруды жеңетініне сеніп, жақ-сы күндерден үмітін үзбеуі керек.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ӨЗ БЕТІНШЕ ЕМДЕЛМЕУ КЕРЕК

немесе бронхит қандай асқынуларға әкеледі?

Қазір күн салқын. Тыныс алу жолдарында аурулардың қоза-тын, күшейетін мезгілі. Күтініп жүрмесек, кез келген ауруды асқындырып алуымыз мүмкін. Алматы қалалық №36 емхананың дәрігері Назым Шөжеева бронхит туралы, одан сақтану жолдары жайында айтты.

Бронхит – бронхтың қабынуынан туын-даған тыныс алу органдарының ауруы. Бронхит кезіндегі қабыну процесі бронх-тың шырышты қабығына немесе оның қа-бырғасының қалыңдығына әсер етуі мүмкін.

Дәрігердің айтуынша, жіті бронхит жө-телмен, кеудедегі ауырсынумен және енті-гумен сипатталады. Бронхит көбіне өздігі-мен өтсе де, дұрыс емделмеген жағдайда белгілі бір асқынулар туындауы мүмкін.

– Мәселен, жіті бронхит бронхопнев-мония түріндегі асқынуды тудыруы ықти-мал. Бұл өкпеге әсер ететін инфекциялық және қабыну процесі, қызба, құрғақ жөтел және жалпы әлсіздікті тудырады. Созыл-малы аурудың бақылаусыз өсуі тұрақты жіті пневмонияға әкеледі және ақырында өкпенің обструктивті ауруына айналады. Бұл кезде арна тарылып, тыныс алу жол-дарының шырышты қабаты ісінеді, өкпе тіндері ішінара жойылады. Аурудың асқы-нуына жол бермеу керек, – дейді дәрігер.

Созылмалы бронхит өкпе гипертензия-сы, эмфизема, бронхоэктаздық ауру, пнев-мония, төтенше жағдайда жүрек жеткіліксіздігі мен басқа да қауіпті ауру-ларға жол салып беруі мүмкін.

Егер жоғарыда аталған асқынулар пай-да болған жағдайда, ертерек медициналық көмекке жүгінген абзал. Ал уақытылы ем-дом қашанда нәтижелі болады. Ауырма-йық, ағайын!

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 қарашадағы №4/524-709 қаулысы	
Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы	
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы үшін (автобус паркі) Зина Сахитжановна Ахметовадан, жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын: 1) кадастрлық нөмірі 20-314-047-060, ауданы 0,2661 га мекенжайы бойынша орналасқан: Жетісу ауданы, Северное кольцо көшесі, 141/1 үй; 2) кадастрлық нөмірі 20-314-047-065, ауданы 0,1832 га мекенжайы бойынша орналасқан: Жетісу ауданы, Северное кольцо көшесі, 147/2 учаске; 3) кадастрлық нөмірі 20-314-047-066, ауданы 3,0693 га, мекенжайы бойынша орналасқан: Жетісу ауданы, Северное кольцо көшесі, 147/1 үй; 4) кадастрлық нөмірі 20-314-047-067, ауданы 0,0212 га, мекенжайы бойынша орналасқан: Жетісу ауданы, Северное кольцо көшесі, 147/3 учаске; 5) кадастрлық нөмірі 20-314-047-068, ауданы 3,7198 га, мекенжайы бойынша орналасқан: Жетісу ауданы, Северное кольцо көшесі, 147 үй. 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін. 3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін. 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабарлар етсін және меншік иесіне жер учаскесі өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін; 2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасының теңгеріміне берсін; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын. 6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.	
Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 қарашадағы №4/524-708 қаулысы	
Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы	
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы әкімінің қатысуымен 2023 жылғы 17 шілдедегі қаланы аралау хаттамасы және Алматы қаласы Өуезов ауданы әкімінің 2023 жылғы 30 маусымдағы хаты №23.1-23/1154-И негізінде Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. №72 жалпы білім беретін мектепті кеңейту үшін Өуезов ауданындағы Талдықорған көшесінің солтүстігінде, Сүлейменов көшесінің шығысында, Түнтібаев көшесінің оңтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын. 2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін. 3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін. 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін. 5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін; 2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Өуезов ауданы әкімі аппаратының теңгеріміне берсін; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын. 6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.	
Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 23 қарашадағы
№4/524-708 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Кульдиева Айнаш Борашовна	20-312-058-414	Түнтібаев көшесі, 10, 2 пәтер	жалпы - 0,0739 үлесі - 0,0276
2	Бирковская Елена Петровна	20-312-058-414	Түнтібаев көшесі, 10, 2А пәтер	жалпы - 0,0739 үлесі - 0,0143
3	Зенин Юрий Георгиевич, Зенина Татьяна Николаевна	20-312-058-414	Түнтібаев көшесі, 10, 3 пәтер	жалпы - 0,0739 үлесі - 0,0140
4	Зенин Юрий Георгиевич, Зенин Андрей Юрьевич, Зенина Ирина Юрьевна,	20-312-058-414	Түнтібаев көшесі, 10, 4 пәтер	жалпы - 0,0739 үлесі - 0,0090
5	Зенина Татьяна Николаевна	20-312-058-414	Түнтібаев көшесі, 10, 4 пәтер	жалпы - 0,0739 үлесі - 0,0090

6	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-522	Түнтібаев көшесі, 12, 1 пәтер	жалпы - 0,0894 үлесі - 0,0186
7	Станчу Андрей Фомич, Станчу Светлана Александровна	20-312-058-522	Түнтібаев көшесі, 12, 2 пәтер	жалпы - 0,0894 үлесі - 0,0284
8	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-522	Түнтібаев көшесі, 12, 3-4 пәтер	жалпы - 0,0894 үлесі - 0,0424
9	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-287	Түнтібаев көшесі, 14	0,0842
10	Толегонов Куатбек Базарбекович	20-312-058-493	Түнтібаев көшесі, 16, 1 пәтер	жалпы - 0,0808 үлесі - 0,0109
11	Новак Иван Степанович, Кушумская Виктория Ивановна, Новак Галина Ивановна	20-312-058-493	Түнтібаев көшесі, 16, 2 пәтер	жалпы - 0,0808 үлесі - 0,0174
12	Башенов Нуржакып Тургенбекович, Тубекбаева Галия Кудайбергеновна, Тұрғынбекова Тоғжан Нұржақыпқызы, Тұрғынбеков Алмат Нуржакыпұлы	20-312-058-493	Түнтібаев көшесі, 16, 3 пәтер	жалпы - 0,0808 үлесі - 0,0244
13	Рахимжанова Шолпан Ақпанбаевна	20-312-058-493	Түнтібаев көшесі, 16, 4 пәтер	жалпы - 0,0808 үлесі - 0,0141
14	Рахимжанов Ернар Жалелович	20-312-058-493	Түнтібаев көшесі, 16, 4 пәтер	жалпы - 0,0808 үлесі - 0,0140
15	Кулиев Рамиль Намигович, Кулиева Эльвира Намигқызы, Кулиева Руфия Намиковна, Кулиева Меғфара Асабали кызы, Кулиев Намиг Шахалиоглы	20-312-058-263	Түнтібаев көшесі, 18, 2А пәтер	жалпы - 0,0742 үлесі - 0,0196
16	Қунаев Дамир Газизович, Қунаев Тимур Дамирович, Қунаева Венера Дамировна, Қунаева Замира Дамировна	20-312-058-263	Түнтібаев көшесі, 18, 2 пәтер	жалпы - 0,0815 үлесі - 0,0176
17	Турдиев Асанджан Туниязович, Газиева Роза Исмаиловна	20-312-058-263	Түнтібаев көшесі, 18, 3 пәтер	жалпы - 0,0815 үлесі - 0,0189
18	Чеканова Елена Федоровна	20-312-058-263	Түнтібаев көшесі, 18, 4 пәтер	жалпы - 0,0815 үлесі - 0,0181
19	Алферов Николай Тимофеевич	20-312-058-303	Түнтібаев көшесі, 20, 1 пәтер	жалпы - 0,0815 үлесі - 0,0150
20	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-303	Түнтібаев көшесі, 20, 2 пәтер	жалпы - 0,0815 үлесі - 0,0104
21	Юсупова Зухрабуви Ахеловна	20-312-058-303	Түнтібаев көшесі, 20, 2а пәтер	жалпы - 0,0815 үлесі - 0,0032
22	Юсупова Зухрабуви Ахеловна, Юсупова Асиям Ахёловна, Юсупова Аида Ахеловна	20-312-058-303	Түнтібаев көшесі, 20, 2а пәтер	жалпы - 0,0815 үлесі - 0,0049
23	Жарболов Ерлан Ерликович	20-312-058-303	Түнтібаев көшесі, 20, 3 пәтер	жалпы - 0,0815 үлесі - 0,0207
24	Қуралбаев Ержан Калдыбекович, Қуралбаева Назым Абдусаматовна, Қуралбаев Нурсултан Ержанович, Құралбаев Мағзұм Ержанұлы	20-312-058-303	Түнтібаев көшесі, 20, 4 пәтер	жалпы - 0,0815 үлесі - 0,0273
25	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-004	Түнтібаев көшесі, 22, 1, 4 пәтер	жалпы - 0,1189 үлесі - 0,0816
26	Корягина Валентина Александровна	20-312-058-004	Түнтібаев көшесі, 22, 2 пәтер	жалпы - 0,1189 үлесі -0,0169
27	Филиппова Валентина Васильевна, Филиппов Александр Матвеевич, Бобанина Екатерина Александровна	20-312-058-172	Түнтібаев көшесі, 24, 1 пәтер	жалпы - 0,0963 үлесі -0,0160
28	Лебеденко Татьяна Александровна	20-312-058-172	Түнтібаев көшесі, 24, 1 пәтер	жалпы - 0,0963 үлесі - 0,0160
29	Филиппова Валентина Романовна, Штопель Наталья Сергеевна, Филиппов Сергей Сергеевич	20-312-058-172	Түнтібаев көшесі, 24, 1 пәтер	жалпы - 0,0963 үлесі - 0,0121
30	Мусин Сергей Максимович, Мусина Ирина Максимовна, Мусина Светлана Юрьевна, Мусин Максим Борисович	20-312-058-172	Түнтібаев көшесі, 24, 2А пәтер	жалпы - 0,0963 үлесі - 0,0164

31	Епеков Тлеуберди Даулетович	20-312-058-172	Түнтібаев көшесі, 24, 2А пәтер	жалпы - 0,0963 үлесі - 0,0195
32	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-172	Түнтібаев көшесі, 24, 4 пәтер	жалпы - 0,0963 үлесі - 0,0163
33	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-041	Талдықорған көшесі, 11, 1, 2 пәтер	жалпы - 0,1557 үлесі - 0,0827
34	Литвинова Янина Францевна	20-312-058-041	Талдықорған көшесі, 11	жалпы - 0,1557 үлесі - 0,0530
35	Пшеничный Александр Васильевич	20-312-058-041	Талдықорған көшесі, 11, 4 пәтер	жалпы - 0,1557 үлесі - 0,0200
36	Ниханбаева Женис Сейльбековна	20-312-058-052	Талдықорған көшесі, 15, 1 пәтер	жалпы - 0,0896 үлесі - 0,0291
37	Мухамеджанов Алмас Султанғалиевич	20-312-058-052	Талдықорған көшесі, 15, 2 пәтер	жалпы - 0,0896 үлесі - 0,0173
38	Угрюмова Ольга Матвеевна	20-312-058-052	Талдықорған көшесі, 15, 4 пәтер	жалпы - 0,0896 үлесі - 0,0183
39	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-052	Талдықорған көшесі, 15, 4 пәтер	жалпы - 0,0896 үлесі - 0,0018
40	Болатбекова Айгул Қонырбаевна	20-312-058-312	Талдықорған көшесі, 17А	0,0281
41	Жапарова Гульнар Халматовна, Жапаров Дастан Саттарович, Жапар Хайринниса Саттарқызы	20-312-058-436	Талдықорған көшесі, 19, 1 пәтер	жалпы - 0,0782 үлесі - 0,0195
42	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-436	Талдықорған көшесі, 19, 2 пәтер	жалпы - 0,0782 үлесі - 0,0196
43	Сыздықов Аскар Парменович	20-312-058-436	Талдықорған көшесі, 19, 3 пәтер	жалпы - 0,0782 үлесі - 0,0196
44	Углова Татьяна Дмитриевна, Хампишева Юлия Витальевна, Хампишев Рамазан Аюпович	20-312-058-436	Талдықорған көшесі, 19, 4 пәтер	жалпы - 0,0782 үлесі - 0,0195
45	Култышева Ольга Николаевна, Вадибекова Любовь Валентиновна, Вадибекова Татьяна Петровна, Вадибеков Михаил Витальевич, Стеценко Лариса Анатольевна	20-312-058-045	Талдықорған көшесі, 21, 1 пәтер	жалпы - 0,0578 үлесі - 0,0110
46	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-045	Талдықорған көшесі, 21, 2 пәтер	жалпы - 0,0578 үлесі - 0,0100
47	Олейникова Ольга Васильевна, Олейников Евгений Юрьевич, Олейникова Нэли Георгиевна	20-312-058-045	Талдықорған көшесі, 21, 3 пәтер	жалпы - 0,0578 үлесі - 0,0116
48	Милотина Елена Ивановна	20-312-058-045	Талдықорған көшесі, 21, 3 пәтер	жалпы - 0,0578 үлесі - 0,0019
49	Олейников Юрий Иванович	20-312-058-045	Талдықорған көшесі, 21, 3 пәтер	жалпы - 0,0578 үлесі - 0,0058
50	Гришук Наталья Валерьевна, Гришук Валерий Анатольевич, Гришук Александр Валерьевич	20-312-058-045	Талдықорған көшесі, 21, 4 пәтер	жалпы - 0,0578 үлесі - 0,0175
51	Ахметова Милена Кажымхановна	20-312-058-195	Талдықорған көшесі, 23, 2 пәтер	жалпы - 0,1525 үлесі - 0,0139
52	Чепурченко Роман Евгеньевич, Чепурченко Егор Евгеньевич, Чепурченко Евелина Евгеньевна	20-312-058-195	Талдықорған көшесі, 23, 2 пәтер	жалпы - 0,1525 үлесі - 0,0046
53	Глушенко Любовь Анатольевна	20-312-058-195	Талдықорған көшесі, 23, 3 пәтер	жалпы - 0,1525 үлесі - 0,0751
54	«KAZKOM Realty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-058-195	Талдықорған көшесі, 23, 4 пәтер	жалпы - 0,1525 үлесі - 0,0415
55	Букембаев Айдос Жалғасканович, Букембаева Анель Жалғаскановна	20-312-058-584	Талдықорған көшесі, 25, 1 пәтер	жалпы - 0,1176 үлесі - 0,0215
56	Ряполова Елена Викторовна, Ряполов Виталий Викторович	20-312-058-584	Талдықорған көшесі, 25, 2 пәтер	жалпы - 0,1176 үлесі - 0,0250
57	Айтахунова Шолпан Усинбековна, Айтахунов Аркин Ибрагимович, Айтахунова Альбина Аркиновна	20-312-058-584	Талдықорған көшесі, 25, 3 пәтер	жалпы - 0,1176 үлесі - 0,0233
58	Цыганкова Татьяна Александровна, Семёнов Андрей Александрович	20-312-058-584	Талдықорған көшесі, 25, 4 пәтер	жалпы - 0,1176 үлесі - 0,0239
59	Перепёлкин Алексей Игнатьевич	20-312-058-463	«Таугүл-1» шағынауданы, 33В	0,0021
60	Улыбаев Кайрат Биахметович	20-312-058-466	«Таугүл-1» шағынауданы, 33В	0,0021



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімі

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatay Aqparat» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**

**Апталық
таралымы – 18 663**

Кезекші редактор –

Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VPY00026040

күәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның

компьютер орталығында теріліп,

беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Оффсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ГАЗ КӨЗІН УАҚЫТША ЖАБА ТҰРУҒА ТУРА КЕЛЕДІ

**ТҰРКСІБ ауданында
үздіксіз газ беру үшін
жөндеу жұмыстары
жүргізіледі. Жоспарлы
жұмыс тұтынушыларға
орташа қысымды Д-159
мм жерүсті газ
құбырында газды
үздіксіз әрі апатсыз
беру үшін жүргізіледі.**

Осыған байланысты, биыл
24 қарашада Земнухов – Шацкий –
Трениев көшесі бойындағы жеке
секторда орналасқан тұрғын үйлерде,
сонымен қатар, №304/2 учаске-
сінің жанындағы «Қайрат» ықшам-

ауданындағы үйлерге газ беру
өшіріледі.

Биыл 28 қарашада Тараз –
Линия-7, 9, 10, 11 – Көрімдік –
Бөйге көшелерінің аумағында
орналасқан тұрғын үйлерге де газ
беру тоқтатылады. Осыған байла-
нысты тұрғындардан «Интергаз
Орталық Азия» АҚ МГҚ Алматы
газ шаруашылығы қызметкерлері
жүргізетін газ крандарын жабуды
және іске қосу жұмыстары бас-
талғанға дейін ашпауды сұраймыз.

Мәжбүрлі қолайсыздыққа түсі-
ністікпен қарауды сұраймыз, бұл
Алматы қаласының газ желілерін
апатсыз пайдалану үшін жасалады.

**«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ
Алматы өндірістік
филиалының баспасөз қызметі.**

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

СУ ҚҰБЫРЫ ЖӨНДЕЛДІ

**«Көкқайнар» шағынауданының Мәмбетов
көшесіндегі зақымданған су құбыры ретке
келтірілді.**

Естеріңізде болса, Алатау ауданының «Көкқайнар» шағынауданында
1960 жылы салынған құдықтағы бекіту арматурасы зақымдалып, су сыртқа
атқылаған болатын.

Диспетчерлік бөлмеге өтініш сағат 15.30-да келіп түскен бойда,
апаттық қызмет оқиға орнына сағат 15.55-те жеткен. «Алматы Су» МКК
қызметкерлері зақымдануды кешкі сағат 21.00-де жойды. Зардап
шеккендер жоқ.

Нөсерлі жаңбырдың және су бұру жүйесінің болмауы салдарынан осы
жердегі үйлердің 15-ке жуық аула аумағын су басып қалған. Аудан
әкімдігінің қызметкерлері жағдайды зерделеу үшін су басу учаскесінің
аймағында аулаларды аралап шықты. Абоненттерді сумен жабдықтау
ретке келтірілген, ЖЭО-2 штаттық режимде жұмыс істеуде.

Көмек көрсетудің барлық мәселелері бойынша «Алматы Су» МКК
нөміріне қоңырау шалуға болады: **8 (727) 379-73-85, 8 (727) 379-73-82,**
диспетчерлік қызмет орталығы – **8 (727) 274-66-66.**

Алматы қаласы бойынша су құбыры желілерінің тозуы 55,8%, кәріз
желілерінің тозуы 57,5% құрайды. Жаңа желілердің іске қосылуы тозуды
төмендетуде.

Алматы қаласының «Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі-
Басқарма) Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу
құқығындағы «№10 қалалық емханасы» Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның Байқау
кеңесінің мүшелігіне үміткерлерді іріктеу жөніндегі конкурс өткізетіні туралы хабарлайды,
конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы 4.

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет.

**Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне
сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай
талаптардың біреуінің болуын қамтиды:**

- 1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және
(немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және
(немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс
тәжірибесінің болуы;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық
саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде:

- 1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам
заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен
жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру
мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз
күнтізібелі күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

- 1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндемесі;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаяны;
- 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін
растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық
құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты
қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми
жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан
ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу
туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына
мекенжай бойынша анықталады: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика
алаңы, 4, тел.: **8 701 493 01 77.**

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2023 жылы 1 желтоқсанда сағат 11.00-де Алматы қаласы, Шәріпов
көшесі, 53 мекенжайдағы «№95 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де
Алмалы ауданының әкімі А.Е.Жәкібаевтың халықпен кездесуі
өткізіледі.

Жиында Алматы қаласы мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес
мүшелері, прокуратура қызметкерлері және қалалық басқарма өкілдері
қатысады.

Тұрғындарды толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын
жинау әлеуметтік желілері Instagram – akimat_almaly, Facebook –
akimat_almaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының
WEB сайты арқылы және **313-31-08, 313-31-12** телефондары арқылы
жүргізіледі.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан
соғысының ардагері

Василий Михайлович КОСТОМАРОВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстары мен
жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



КАРАТЭ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАТАМИ ШЕБЕРЛЕРІ
АЛМАТЫҒА ЖИНАЛДЫ

Алматыда киокушин-кан каратэден әлем чемпионаты өтіп жатыр.

Қалада орналасқан «Саду ARENA» спорт кешенінде «World Championship of Kyokushin-kan karate» әлем чемпионаты өтуде. Жарыс ката және кумитэ бөлімдері бойынша болып жатыр. Турнирге 12–17 жас аралығындағы жастар мен 36–85 жас аралығындағы ардагерлер қатысады. Татами шеберлері жиналған жарыс 26 қарашаға дейін жалғасады.

– Киокушин-кан каратэден әлем чемпионаты Алматыда үш күн бойы өтеді. Бүгін ката бөлімі бойынша, ертең кумитэ бойынша жекпе-жектер болады. Жарысқа әлемнің 35 елінен 600-ге жуық спортшы қатысады. Қазақстан каратэшілердің дайындығы жақсы. Олар Алматы қаласында 40 күн дайындық жаттығуларын жасады. Біздің спортшыларымыз өздерін тек жақсы қырынан көрсетеді деп үміттенемін. Соңғы жылдары киокушин-кан каратэден спортшыларымыздың қоржынында әлем чемпиондығы, Азияны алтын медальдары бар. Бүгін де қыз-жігіттерімізден жақсы нәтиже күтеміз. Жалпы жарыс фавориті

ретінде жапон спортшыларын айтуға болады. Дегенмен, қазіргі заманда логистика жақсы дамыған. Бірнеше жылдар бойы Жапония дайындалған өзге елдің де мықты спортшылары бар. Сондықтан бақ шаба ма, бап шаба ма, оны татами көрсетеді, – деді Республикалық Киокушин-кан каратэ Федерациясының вице-президенті Әлімжан Молдағали.

Сондай-ақ, ол қазақстандықтардың бұл спорт түріне қызығушылығы туралы айтып өтті.

– Киокушин-кан каратэ Алматыда да, елімізде де жақсы дамыған. 30 жыл бойы өсіп-өркендеп келеді. 1990 жылдары Қазақстанға келе бастаған. Елімізге бұл спортты алғаш алып келген адамдардың бірі – Александр Медведев болды. Киокушин-кан каратэмен көптеген балалар, жасөспірімдер айналысады. Қазір Туризм және спорт министрлігі мен әкімдіктердің тарапынан жақсы қолдау көрсетіледі. Біздің стильдің өзінде 10 мыңға жуық адам бар. Киокушинмен 1-сыныптағы баладан бастап айналысады алады. Негізгі жас аралығы 7-ден 40 жасқа дейін. Бірақ бізде 44 жасында да айналысып жүрген азаматтар бар. Ертең ардагерлер арасындағы сайыстар өтеді. Сондықтан ішінде каратэ болатын болса, онымен өмір бойы айналыса аласың, – деді Әлімжан Қайратұлы.

ЭСТЕТИКАЛЫҚ ГИМНАСТИКА

СҰЛУЛЫҚ
СЫЙЛАЙТЫН ӨНЕР

Алматыда төрт құрлық чемпионатының және эстетикалық топтық гимнастикадан «Almaty Cup» халықаралық турнирінің салтанатты ашылуы өтті.

Алматының Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында эстетикалық гимнастикадан әлем чемпионаты өтіп жатыр. Жарыс 26 қарашаға дейін жалғасады. Халықаралық турнирге әлемнің 16 елінен 52 команда қатысуда. Олардың қатарында қазақстандық спортшылардан бөлек Австрия, Болгария, Греция, Италия, Испания, Сербия, Франция, Израиль, Египет, Жапония, Малайзия, АҚШ, Қырғызстан, Ресей, Беларусь елдерінен келген гимнастар өнер көрсетеді.

– Алматыда үлкен іс-шара өтіп жатыр. Бұл жарыс Қазақстанда және Азия аумағында алғаш рет өткізіліп отыр.

11 елден кәсіби төрешілер келді. Әрине, біздің құрама үздіксіз дайындық жұмыстарын жүргізді. Оларға жеңіс тілеймін, – деді Эстетикалық топтық гимнастика федерациясының президенті Мадина Бектұрғанова.

Ал Алматы қаласының аға жаттықтырушысы Заира Жақыпова эстетикалық топтық гимнастиканың елімізде пайда болғанына небәрі 5 жыл болғанын айтты.

– Бізде әлем кубогының 3 жүлдегері бар. Олардың барлығы Алматы спортшылары. Сондай-ақ, былтыр әлем чемпионатында қола жүлде жеңіп алдық. Қазір біздің командамыз әрдайым үздік бестіктің қатарында көрініп келеді. Бұл жетістіктерді мақтан тұтамыз, өйткені бұл еліміз үшін жас спорт түрі. Небәрі 2018 жылдан беріп дамып келеді. Ал эстетикалық топтық гимнастиканың негізін салушы Финляндияда оның пайда болғанына 125 жыл болды. Сондықтан біз үшін бұл үлкен жетістік, – деді Эстетикалық топтық гимнастикадан Алматы қаласының аға жаттықтырушысы Заира Жақыпова.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ФУТБОЛ

ЖАСЫМАҢДАР, ЖІГІТТЕР
Біз өздеріңмен мақтанамыз!

Қазақстан құрамасы Еуро-2024 іріктеу кезеңіндегі жарыс жолын Н тобында төртінші орынмен аяқтады.

Әр елдің ішкі чемпионаттары бір уақыт тоқтап, ұлттық құрамалар арасындағы халықаралық жарыс басталмай тұрып, Қазақстан құрамасының 2024 жылы Германияда өтетін Еуропа чемпионатына іріктеліп өтуіне үлкен мүмкіндік болды. Біздің команда 15 ұпаймен өз тобында үшінші, 19 ұпайы бар Словения құрамасы бірінші, ал даниялықтар 16 ұпаймен екінші орынға жайғасты. Осылайша еліміздің Ұлттық құрамасын екі маңызды ойын күтіп тұрды: бірі – «Астана аренада» өтетін Сан-Мариномен ойын, одан кейінгісі – Любляна қаласында Словенияға қарсы кездесу.

Шешуші ойындардың біріншісі қазақ футболшыларының пайдасына шешілді. Елордада өткен Сан-Мариноға қарсы матчта Ислам Чесноковтың тамаша екі голы және ойынның соңғы минуттарында пенальтиден соғылған Абат Айымбетовтың добы Қазақстанға 3 ұпай сыйлады. Қонақтар сапында Симоне Франчози көзге түсті. Матч 3:1 есебімен аяқталды. Бұл жеңістен кейін Қазақстан Словениямен иық теңестіруге жақын қалды. 9 турдан кейін Н тобында Қазақстан құрамасының қоржынында 18 ұпай болса, Словения Даниядан 2:1 болып жеңіліп, 19 ұпаймен қалған болатын. Осылайша әу баста фаворит саналған Дания Еуропа чемпионатына бірінші орынмен іріктеліп өтті де, Қазақстан мен Словенияның тағдыры өзара ойында шешілетін болды.

Қарсыластың алаңында шебер ойын көрсету қай командаға да жеңіл соқпайтыны анық. Дегенмен, Магомед Адиев шәкірттері Любляна қаласына жақсы көңіл күймен аттанды. Екі елдің үміт-арманы ортаға түскен «Стожице» стадионындағы ойын да атына заты сай болып, тартысты өтті. Өз жанкүйерлері алдында өнер көрсеткен словениялықтар қонақтарды ұдайы шабуылмен қыспаққа алса да, біздің жігіттер екінші нөмермен қорғаныста жақсы ойын көрсетті. Бірінші таймдағы теңдікті Ян Вороговскийдің қателігінен кейін пенальтиден соғылған гол бұзды. Бенямин Шешко 41 минутта есеп ашты. Ойынның

екінші жартысы Максим Самородовтың пасынан кейін допты атақты Облактың қақпасына кіргізген Рамазан Оразовтың голымен басталды. Ол 51 минутта есепті теңестірді. Матч соңғы минуттарға дейін екі жақты тартыспен өтті. Бірақ 86 минутта Бенямин Вербич сол қапталдан соққы жасап, өз голымен Словения құрамасына Еуропа чемпионатының жолдамасын алып берді. Ойын 2:1 есебімен алаң қожайындарының пайдасына шешілді.

Жалпы, іріктеу турнирінің нәтижесі бойынша Н тобын 22 ұпаймен Дания, одан кейін 22 ұпаймен Словения құрамалары аяқтады. Қазақстанмен бірдей 18 ұпайы бар



Айта кеткен жөн, біздің құрама Еуропа чемпионатына іріктеу сайысынан тікелей жолдама ала алмағанымен, Қарт құрлық додасына шығу мүмкіндігін сақтап қалды. Енді жерлестеріміз Ұлттар лигасының плей-офф кезеңі арқылы Еуро-2024 жарысына шығу үшін тағы бір мәрте талпынып көреді. Бұл сында біздің жігіттерді 2004 жылғы Еуропа чемпиондары – Грекия құрамасы күтіп тұр. Матч 2024 жылы 21 наурыз күні «Агния София» стадионында өтеді. Қазақстан–Грекия жұбының жеңімпазы, Грузия–Люксембург жұбының жеңімпазымен шешуші ойын өткізеді.

Финляндия доптар айырмасы бойынша үшінші орында, ал біздің команда төртінші орында аяқтады. Бесінші орында Солтүстік Ирландия, ал топ соңындағы Сан-Марино алтыншы болды.

Қазақстан құрамасы Еуропа чемпионатына тікелей жолдама алмағанымен, ел үміті аяққа тапталды. Іріктеу турнирі басталмай тұрып, жанкүйерлердің басым көпшілігі мұндай мүмкіндіктің боларына да үміттенбеген еді. Бас жаттықтырушы Магомед Адиевтің біліктілігі мен ойыншыларымыздың жалынды жігері үлкен жеңістерге әкелді. Қазақстан футболының дамуына жол ашты. Мұны еліміздің жанкүйерлері де жақсы түсінсе керек. Қазақстанға қайтқан футболшыларды 300-ге жуық жанкүйер әуежайдан күтіп алды.

Сондай-ақ, ойыншыларды Н.Назарбаев халықаралық әуежайынан салтанатты қарсы алу рәсіміне Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев қатысты.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.